

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

10/2016

ҚАЗАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмшия Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

ҚР тәуелсіздігіне 25 жыл!

Ж.АБДУАЛИЕВА. Көшпенділер -көшбастаушы «Мәңгілік ел!».....3

Ұлттық тәлім-тәрбие: рухани уыз

Н.СЕМБИ. Қазақ мақал-мәтелдерінің бала тәрбиесіндегі алатын орны.....10

Тиімді әдіс-баршаға ортақ

А.КҮРЛЕН. Дарынды балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.....17

Таным табиғатында

Г.ДАЙЫРБЕКОВА. Бауыржан Момышұлы «Жон арқа».....25
С.ШАЛАБАЕВА. Сәкен Сейфуллиннің поэзиясы.....29
Н.ИБРАГИМОВА. Ж.Жабаев. «Зілді бұйрық» «Ленинградтық өренім» «Ата жаумен айқастық».....42
Б.ЖАРКЕНОВА. Дана халықтың дара Абайы.....44
М.АЙКЕНОВА. Қажымұқан -ерен күш иесі.....48

Мұғалім мұңбері

А.АЙМАХАНОВА. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың инновациялық ізденістері.....53

Ж.МЕНДІҒАЛИЕВА, Г.ШОЛОШОВА, Г.ДОШНИЯЗОВА. Үш тілді меңгеру - Жарқын болашақтың кепілі.....59
Өбіш Кекілбаевтің «Үркер» романындағы Әбілқайыр бейнесі.....62
К.ХАИРМУХАМБЕТОВ, Ш.СИДИКОВА, Р.ӘЛІМ. 1917-1956 жылдардағы қазақ әдебиеті.....66
Т.Айбергеновтің «Көктем әуендері өлеңі».....69
Біржан сал-қазақ ән-жырының шамшырағы.....71

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Л.ШЫРЛАБАЕВА. С.Дөнентаев. «Бозторғай».....73
Ф.ӘБДІРОВА. Жаңа сөздер.....75
Ә.ҚОЛДАШЕВА. Ашық және қысаң дауыстылар.....77
Б.ҚУБАЕВА. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.....81
С.АҚТҰРСЫНОВА. Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету жолдары.....85
Г.ҚАИРБАЕВА. Сан есім.....88
Н.ҚАБДЫҒАЛИЕВА. Сөз қысқалығы мен нұсқалығы.....91
А.САБЫРЖАНОВА. Есімдіктен өткенді қайталау.....93
Г.ХАСАНОВА. Әдептілік - әдемілік.....95

Сыныптан тыс шара

Ж.СЕЙТҚАЗЫ. «Екі жұлдыз» жұптық сайыс.....102
Б.АХМЕТЖАНОВА. Ерлік пен намыстың ақыны - Махамбет.....109
И.ЖИЕНАЛИЕВА. Қызықты қазақ тілі әлемі.....117
Л.ҚҰСАЙЫНОВА. Алтын қақпа.....121
Г.ДӘУЛЕНБАЕВА. «Мағжантану» курсының 11- сыныпқа арналған жұмыс дәптері.126

ҚР тәуелсіздігіне 25 жыл!

Ж.АБДУАЛИЕВА,
Тараз мемлекеттік
педагогикалық институты,
Тараз қаласы

КӨШПЕНДІЛЕР- КӨШБАСТАУШЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»!

(І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде)

Мақалада автор қазақ халқының тарихына қысқаша шолу жасай келіп, ел тағдырына, еліміздің тәуелсіздігінің қалыптасуына Елбасымыздың сіңірген еңбегіне тоқталады. Еліміздегі тыныштық, ынтымақ, тұрақтылықтың арқасында біздің Отанымызда дүниежүзілік деңгейде өтетін Саммит, ЭКСПО-2017, т.с.с. іс-шаралардың өтіп жатқандығын мақтанышпен айтады.

Түйін сөздер: Елбасы, тәуелсіздік, қазақ хандығы, көшпенділер, тұрақтылық, тыныштық, ынтымақтастық, Саммит, ЭКСПО-2017, Мәңгілік ел.

«Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» (1999) атты белгілі еңбегінде қазақ елінің тарихы туралы толғана келіп: «...Мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттігінің ғұмыр шежіресін ірге көтерген кезден бастағанның өзінде, қазақтың бес ғасырлық төл тарихын білуге тиіспін. Бұған қоса бүкіл түркі халықтарының тарихи

бесігі –түркі қағанатын естен шығаруға болмайды, ал бұл дегеніміз, асау аттай 1500 жыл бұрынғы тарихи кезең.» деп жазды. Елбасының ұлттық тарихымызға деген зор құрмет таныта отырып, туған халқына арнаған ұлағатты сөздері мен сындарлы стратегиялық көзқарасы көп мәселелердің басын ашқандай болды. Ең алдымен Елбасы ұлттық тарихи танымның негізгі бағыттарын айқындай отырып, елдік тарихымыздың мемлекеттік маңызына айрықша назар аударды. Бұл дегеніміз, ең алдымен, Қазақстанның әр азаматын төл тарихын білуге міндеттейді.

Әр халықтың тарихында сан түрлі кезеңі болады: өсу, өркендеу, күйікке ұшырау, күйреу.... Осының бәрін басынан өткізген, заманының жақсылығын да жамандығын да көрген келешегі үшін жан аямай күресе білген, ауыр күндерді, басына төнген қауіп-қатерді жеңе білген халықтар ғана тарихта қалады.

Қазақ хандығының 3 ғасырлық шежіресін 3 томдық кітапқа сыйдырып, келер ұрпаққа киелі сөз маржандарынан кестелеп қазақ елінің тарихын таразылап беруде І.Есенберлиннің «Көшпенділер» атты трилогиясына тең келер көркем туынды жоқ деп айтсақ артық айтқандық емес.

Он бесінші ғасыр қазақ рулары үшін ең ауыр ғасырлардың бірі еді. Осы ғасырда өзара қырылысып, сырт жағын кейде жеңіп, кейде жеңіліп, тайталыс түсіп жүрген қазақ рулары ел болып бастарын қосу үшін күресуге бел буды. Бірақ үйірлі құландардай, шексіз даласында ру-ру боп көшіп жүрген елдің басы оңай қосылмады.

Бұл жеңіс ұлы айқастар арқылы келді. Қазақ руларының басын біріктіріп, қазақ хандығын құруда, мейлі күрес бақталастықтан-ақ басталсын, қайткен күнде де, Жәнібек пен Керейдің алатын орны ерекше. Әрине, Халық өзі қаламаса, екі адамның қолынан не келді? Тегі ел болудың негізі халықтың көкейкесті арманында жатыр. Бұл кезең халық рухының лаулаған кезеңі.

Сол кезеңде халықтың арман – тілектерін Керей мен Жәнібек орындаса, қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізіп, «Мәңгілік ел» болуды мақсат тұтқан Н.Назарбаевтың ерен еңбегі көшпенділерді көшбастаушы «Мәңгілік елге» айналдырды.

Қазақ руларының басын қосып жеке хан көтеріп, ел болуды арман еткен Жәнібек сұлтан Найман, Керей, Уақ руларымен іргелес отыруды жөн көрді. Бұнысы дұрыс та боп шықты. Ортаншы ұлы Қамбар батыр алғашқы аттанысында Тарбағатай тауының бойындағы қазақтарға барып қайтқанынан-ақ, Жәнібек сұлтанның қадірі бұл маңайда өсе түскен. Керей, Найман, Уақ рулары Жәнібекке өздерін бағынышты санай бастады. Сөйтіп, ел боламыз деген қазақ рулары, осы алғашқы жылы-ақ, бір шеті Телікөлдің төменгі етегі болса, екінші шеті Тарбағатай тауының биік басына дейін құлаш созды.

Тәуелсіздік алған қазақ елінің шекарасы белгіленіп, ұлан-ғайыр атырап Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасы қазақтың алтын-бесік Ата жұрты болып саналды. Еліміз ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, салт-дәсүрімізді

санамызға сіндіріп, дініміз бен тілімізді биік тұғырына қондыра алды.Отбасы ошақ қасынан мәртебесі аса алмайтын Қазақ тілінің абыройын асқақтатқан Елбасының «БҰҰ-НЫҢ 70-жылдық»конференциясында қазақ тілінде баяндама жасауы, ұлы жетістіктеріміздің бірі. Есіктен имене кіретін қазақ тілінің тұғыры, Ұлы держава АҚШ-тың Нью-Йоркте БҰҰ-ның штаб-пәтерінің төріне шықты. Бұл да қазақ елінің мәртебесінің асқақтауының көрінісі.

Өзің күшті болсаң, өзгемен көшің қатарлассын. Алкүшті болу үшін енді қазақ біржолата руға бөлініп бытырап журуді тыйып, айбынды мемлекетке айналуы керек. Тіршілік тартысы, халықтың өзін сақтап қалу күресі-бәрі де бір ел болмай мүмкін емес-ті. Бұл арман халықты алысуға мәжбүр етті. Ал жеке мемлекет болу үшін, ел бірлігінен басқа, жауың сескенетін әскерің мен халқыңның мұң-мұқтажын, керегін қамтамасыз ететін, өзге жұртпен байланыс жасайтын кәсіпорындары, сауда-саттық жүргізетін шаһарлар керек.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған жиындағы баяндамасында былай деді:Біз бүгін азаттықтың екінші мүшеліне, 25 жылдығына аяқ бастық.Әрбір елдің жылнамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағдыр шешті таңдар болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арай таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде Қазақстан Республикасы атты жаңа жұлдыз жарқырап тұрды. Тұтас дәуірлердің куәсі болған

халқымыз сан ғасырлар бұралаң әрі қиын жолмен жүріп өтті.

Елбасы ата-бабалар қалдырып кеткен өсиеттерін алғыр қырандай биіктерге самғатты. Дүниежүзілік картаға жаңа қала Астананың ойып тұрып орнын алуы, іргелес мемлекеттермен шекараның бекітілуі, т.б. ауыз толтырып айтатын жетістіктеріміздің молдығы жүрек қуантады.

Тірі қалған келсе, елің күшті болсын.

-Елім қайтсе күшті болады?

-Арманына жеткен ел күшті болады.

-Қандай арманды айтасыз?

-Жерұйық деген халқыңның арманын айтамын. Бұл жалғанның жерұйық Жетісу екен. Алтын Орданды сол Жетісудағы Алмалыққа тіккенінде, қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған заман орнайды. Біз жетпегенмен, оған біздің ұрпағымыз жетеді.

Аталарымыз айтқан Жерұйыққа қазіргі тәуелсіз елдің ұрпақтары жетіп отыр.

Қазақ жері мол, бәрімізге де жетеді. Біз Ертістің жоғарғы тұсымен Жетісу, Түркістан уәлиетін, Шығыс Түркістан тегі баурымызға басамыз... Қысқасы, Көкше теңіздің оңтүстік жағасына дейін біздікі, солтүстік жағасы Луссиянікі болуы керекті.

- Сонда қазақ елі қайда қалады?

- Көкше теңіздің түбінде! Жонғар тайпасын қалай құртсаң, қазақ жұртын да сондай етіп құртасың!

- Құп, тақсыр.

Қазақ тарихында талай жаудың тоқпағынан

аман өткен қазақ халқы, қазірде әлем таныған Қазақстанға айналды.

-Ер азбай, ел азса айдын көлдің суалғаны. Ел азбай, ер азса-зор бәйтеректің құлағаны,-деп бастады Бұқар жырау қазақ елінің ұлы шежіресінің бір тармағын.-Бәйтерегің құласа-ағаш орнына ағаш өседі. Айдын көлің су алса немен толар есесі? Ер бұзылса да ел бұзылмасын. Бұзылғанды түзетеді. Түзелмесін жер етеді .

-Қазақ елі Тәуекелдің өткен күнәсін кешіріп, үлкен Орда төңірегіне шоғырлана бастады,-деді Бұқар жырау.- Өйткені оған басын қосар ер керек еді. Ойпатты тасқын басқанда, не орманды өрт алғанда қасқыр мен қоян, бұғы мен жолбарыс апаттан құтылмақ боп бірге қашады. Қазақ елі ол кезде осындай жағдайда еді. Жан –жағынан қаптаған жаудан құтылудың жолы-тағы да тек бас бірлігі. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір ердің соңынан еру қажет болатын.

Көшпенділер армандаған бір ердің артынан еру арманын іске асыру бақыты Н.Назарбаевқа бұйырды. Үлкен істерге бастамашы болып, Қазақстанның әлем алдындағы биік беделі мен абыройы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев есімімен тығыз байланысты екені сөзсіз. Президенттің әр алуан дін өкілдерінің басын Астанада әлденеше рет қосуы, Қазақстанды ядролық қарусыз елге айналдыруы, соңғы жылдарда түрлі одақтар құруға бастамашы болды, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының 2010 жылға Астана Саммиті, алда өткізілетін ЭКСПО -2017

халықаралық көрмесі сияқты істерде іргесі берік, ынтымағы мықты, жағдайы жақсы елдерде ғана өткізілетінін ескерсек, осындай ұлы шаралардың біздің елде өтуі еліміздің абыройын асқақтатары сөзсіз.

Ата-бабаларымыз аңсаған асу армандарға тәуелсіз елдің ұрпақтары жетті. Көшпенділер-Көшбастаушы Мәңгілік елге айналды.

Кочевники-ведущие «Великой страны!»

В статье автор кратко описывает историю казахского народа, останавливаясь на роли главы государства в становлении, укреплении, независимости страны, что благодаря стабильности, содружеству народа Казахстана на нашей земле проводятся мероприятия имеющие международное значение, как Саммиты стран содружеств, ЭКСПО-2017 и др.

Ключевые слова: Президент, независимость, Казахское ханство, миграция, стабильность, мир, сотрудничество, встреча на высшем уровне, Экспо-2017, вечная страна.

Nomads-leading «Great country!»

In the article, the author briefly describing the history of the Kazakh people stop on the role of head of state in establishing, strengthening, the country's independence, that due to stability, the community of the people of Kazakhstan on this earth has held events mezhdunarodnre value as summits of the Commonwealth, the EXPO-2017, and others.

Key words: President, the independence, the Kazakh Khanate, migration, security, peace, cooperation, Summit, Expo-2017, the eternal country.

Н.СЕМБИ,
Сүлеймен Демирел университеті.
Әлеуметтік ғылымдар институты
Философия және Дін ғылымдары факультеті.
Түркия Республикасы

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

Мақал-мәтелдер бір ұлттың өмір философиясын, қалай өмір сүргенін, адамға берген құндылығын, ұстанымдар мен ережелерді түсінуімізге жәрдемші болып, ұлттың ортақ мінез-құлықтарын, сенім идеясы, тәрбиеге көзқарастары мен іс-әрекеттерін көрсетеді.

Әрбір мақал, әлеуметтік өмір тәжірибесі ішіндегі жеке адамның мойын ұсынуын күткен жалпы ереже болып табылады. Сондықтан да, мақалдар ұлттардың мінез-құлықтарын, өмірге деген көзқарастары мен менталитеттерін білдіретін қысқа сөздер.

Мақал-мәтел бір ұлттың ой-сезім, сенім және мінез-құлықтарын көрсететін сөздер. Қоғамның мәдениет кодтары, оларда сақтаулы, ұлттардың қиял әлемдерінің байлығын, сезімдерінің нәзіктігі және көркемдік ойларының өткірлігі сияқты сөздердің барлығын көрсетеді. Мақал-мәтелдер

терең философия мен әдемі әдеби өнер табысы. Сондықтан бір ұлттың мүшесін немесе тұтас ұлтты тануды қалағандар, істі мақал-мәтелдерінен бастаса қателесулері мүмкін емес.

Мақал-мәтелдер мәдени мұра үдерісінде берілуінде маңызды бір функция рөлін атқарады. Бұл функцияның бірі білім беру функциясы. Бұрынғы ұрпақтың білімін, әдеп пен түсінігін жаңа ұрпаққа жеткізу үдерісін атқаратын білім беру, көптеген мақал-мәтелдер ішінде орналасқан. Бала-өмір сүріп жатқан қоршаған ортаның өнімі, ол айналасынан нені көрсе соны сақтайды. Мектеп, достық тобы, отбасы мен туған-туыстары баланың жақын қоршаған ортасын құрайды. Бұл жағынан мақал-мәтелде жиі қоршаған орта мен әсіресе отбасының, оқыту функциясынан сөз айтылады.

Баланың өсіп жетілуінде және тәрбиеленуінде отбасының үлкен әсері болады. Әсіресе алғашқы балалық шағында қоршаған ортасы мен өзара іс-қимыл тұлғасының қалыптасуына маңызды әсерін тигізеді. Бала тұлғасы кішкентай жасында қалыптасады. Дәстүрлі түркі мәдениетінде ерте балалық шағына назар аударған, қазіргі заманғы педагогикалық тәсілді көрсететін, жоғарғы маңызды мақал-мәтелдер табылуда.

Балалар әдетте қоршаған ортасына қарайды және оларға еліктеу арқылы үйренеді. Бала айналасындағылардан көргенін жасайды. Баланың жақсы тәрбиеленуі үшін ересектердің балаға жақсы мінез-құлық көрсетулері және үлгі-өнеге болуларына кеңес берген көптеген мақал-мәтел

бар. Дәстүрлі түркі қоғамында бала және оған білім беруіне қатысты ойларын ең жақсы түрде көрсетуін ойлаған мақал-мәтелдер, бұл қоғамның үлкен тәжірибесі мен бақылауларының бір өнімі ретінде жарыққа шыққан. Бұл тұрғыдан ата-бабалардың бала және баланың тәлім-тәрбиесі жайында педагогикалық білімдерінің болғаны байқалады. Дәстүрлі мәдениетімізде балаға білім беру туралы көптеген мақал-мәтелдер бар. Бұл да бізге түркі мәдениетінде балаға және оған білім беруге қатты назар аударғанын көрсетеді.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Отбасында жақсы тәрбие алып өскен бала ертең өскенде халқына пайдалы азамат болып өседі. Баланың тәлім-тәрбиесі отбасының тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Мысалы, күнәдан қорықпайтын, жаман істерді күнделікті үйреншікті тірлік деп түсініп, оны өмір сүрудің заңдылығына айналдырған отбасынан жақсы бала шығуы екіталай. Уақыт өткен сайын тегі әлсірей береді. Ұрыдан-қара туады демекші, жаманнан жақсы тумайды. Сөйтіп, ақырында бір ұрпақ, яғни бір әулет азып-тозып жоғалады.

Балалық шақ және жас өспірімдік кезең адам өміріндегі сенім, мінез-құлық сияқты басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл мезгілде тәрбиенің бесігі-отбасы. Отбасының үлгі бола алуы-игі ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені, өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары ата-анасына еркелейді.

Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы.

Жалпы, отбасында тұлға шынығып, шындалып, қалыптасатын орын. Міне, отбасы жағдайында баланың тұлғалық қасиеттері бірте-бірте қаланады. Содан кейін осы қаланған қасиеттер әдетте ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады.

Қазақ қоғамында жеке адамның азамат ретінде қалыптасуында, қоғамның сүттей ұйып, берекелі ғұмыр кешуінде және сол қоғамның адами қағидаларын берік ұстана отырып дамуында елдің қариялары мен ақ жаулықты әжелердің рөлі зор болған. Ауыл аймақтың ірілі-ұсақты мәселелері қашанда ушықпай тұрып ауыл ақсақалдарының айтқанымен шешілетін. Ақ жаулықты әжелеріміз абысын-ажын, келін-кепшік, қала берді бойжеткен қыздардың барлығының қысылғанда жүгінетін ақылшысы, билік айтар төрешісі болып қоғамның дұрыс дамуына жағдай жасайтын.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі - ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге болатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», - деп мадақтайды.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп

өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне баса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Билік, батырлық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік сияқты ата-баба өнерін жеті атасына дейін жалғастырған әулеттер қазір де баршылық.

«Қызға қырық үйден тыю» Бір отбасының ғана емес, бір рулы елдің, қала берді, бүтін бір ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін тұлғаның ана екені даусыз. Ол-қай қоғамның болсын, басты күретамыры. Ананың аялы алақанының жылуы арқылы біз мейірім мен шапағатқа бөленеміз. Ол-аналық махаббаты мен ана сүті арқылы ұлттың асыл қасиетін де, ата-баба өсиетін де, асыл діні мен ана тілін де, салты мен ділін де ұрпақ бойына дарытатын жан. Ал бүгінгі ана-кешегі бойжеткен қыз-ертеңгі асыл әже. Демек, бүгінгі қыздардың қолында бүкіл бір ұлттың тағдыры мен болашағы тұр. Біз ибалы да инабатты, тәлім-тәрбиелі қыз өсіру арқылы қазақтың ұрпағын тәрбиелеп отырмыз.

Атам қазақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше ден қойған. Шарананы құрсақта тәрбиелеп, ата салтын бойына дарытқан. Әсіресе, қыз баланың тәрбиесіне баса көңіл бөлген. Себебі, бүгінгі бүлдіршін қыз «ертең ибалы келін, одан соң абзал ана атанады» - деп, тәрбиелеген. Демек, ертең елдің батыры мен ақынын, көреген көсемін, сөзуар шешенін, топ жарар дүлдүлін де, өмірге әкелетін-ана. Сол себепті қыз баланы қонақ деп санап, бетінен қақпай, «қызға қырық үйден тыю» дей отырып, еркелетіп, ибалы,

инабатты, тәрбиелі, ар-намысын алдыңғы орынға қоятын ару етіп өсірген. Құлағында шолпысы, шашында шашбауы бар жан сұлулығы мен тән сұлулығы тең қазақ қызының басты тәрбиешісі ана болған.

Берік отбасының негізі ата-ана болып табылады. Сол секілді әрбір ата-ана өзінің көзі тірі әкешесіне жақсы қарап та өз ұрпағына үлкен үлгі көрсетеді. Қазақтың: «Атана не істесең алдына сол келеді» дейтұғыны болушы еді. Ал, қазір кейбір ата-ана балаларының көзінше өзінің қартайған әкесін немесе анасын қарттар үйіне өткізіп не болмаса олардан бөлек шығып, әке-шешесінің көңілін қалдырып жатады. Ертең өзінің де басына сондай күн туарын білмейді-ау, сірә?!

«Жанған от тәнді жылытады, жақсы сөз жанды жылытады». Адамдардың бір-біріне айтқан жұмсақ, жақсы сөздері оларды бір-біріне жақындастырады және қарым-қатынастарын нығайтады. Жанған оттың тәнді жылытатыны сияқты, жақсы сөз сөйлеу де адамның жүрегін жұмсарттады. Бұл мақалдың меңзегені, адамдармен жақсы сөз тас жүректі адамның да жүрегін жұмсартатыны және тәтті тілдің ашпайтын есігі болмайтынын көрсетеді. Әрбір ата-ана баласына тәрбие берген кезде мұны ескере отырып баласына жақсы тәрбие беруі керектігін меңзейді.

Әдебиеттер

1 Хусейн Жертел. Түрік мақал-мәтелдерінде қажеттіліктер мен факторлер, Сүлейман Демірел университеті, Исламтану факультесі журналы, 1997, №4, 45-б.

2 Метин Иуртбашы. Түрік алфавиті тәртібі бойынша мақал-мәтелдер сөздігі. Доған Офсет баспасы, Стамбул, 2003.

3 Өмер Асым Ақсой, Мақал-мәтелдер және сөз тіркестері сөздігі, Түрік тілі құрымы баспасы, Анкара, том. I, 1978.

4 Нуреттин Албайрак. Халық әдебиетінің энциклопедиясының түсініктері, Станбул, 2004.

5 Режеф Ержан. «Күнделікті өмірде функционалдық ретінде қолданылатын түрік мақал-мәтелдерінде бала елестері». Мұстафа Кемал Университеті, Әлеуметтік ғылымдар институты журналы, 2014, 11-том. №11, 27-28-б.

6 Сабитова М., Латыпова Р. Немісше-қазақша мақал-мәтелдер. Алматы. Рауан, 1991.

7 Бейсенғазы Ұлықбек. Ұяда не көрсе... Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасы. «Иман» журналы No:4 (93) Алматы, 2012, 30-б.

8 Бала Тәрбиесі Бесіктен, Ислам Мәдениеті мен Білімін Қолдау Қоры, Алматы, 2011.

9 Әкімова Т., Оралбеков А., Орынғали Қ. Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері, 68 том.«Фолиант» баспасы, Астана, 2011.

10 Роман Бұрханаддин. Ата-Әже Институты. Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасы. «Иман» журналы. №7 (20) Алматы, 2014, 28-б.

Туімді әдіс-баршаға ортақ

А.КҮРЛЕН,
№170 орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Қазақстанның орта білім жүйесінің алдына бүкіладамзаттық құндылықтар, ұлттық рухани мұралар, адамгершілік пен ізгілік, елжандылық тұғырнамасында қалыптасқан, өзіне-өзі сенімді, ғылыми-теориялық білімділігі мен тәжірибелік қабілеттері арқылы күрделі әлемдік, өмірлік әрі әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие дарынды тұлға тәрбиелеу міндеті қойылып отыр.

Жаңа ғасырда жаңа заманға лайық тұлға ретінде қалыптасқан, өз көзқарасын жүйелі талдай білетін өз өміріне қоршаған ортаға сын көзбен қарайтын жеткіншек жастарды даярлау – біздің ұстаздық парызымыз.

Қазіргі кезеңдегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің міндеті жас буынды сөз өнеріне баули отырып оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл дарынды тұлға қалыптастыру. Шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігімен, қиял

ұшқырлығымен, танымдық қызығушылығымен, әдемілікті сезіне білуімен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді.

Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмысқа арнайды. Сурет салады, өлең жазады.

Ж.Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие.

«Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін» дейді американдық ғалымдар.

Рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі тіл байлығы дер едік, өз ойын нақты терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сілтегенде жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамдарда тұлғалық қасиет болады.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологиялар екені белгілі. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп,

қолданылады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады.

Өзім сабақ барысында әлемнің 18 елінен сынақтан өткізілген «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс-тәсілдерін қолданамын.

Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс кезеңдерінен тұрады. Қызығушылықты ояту кезеңі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастыру. Яғни, сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не білетінін айқындаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер етеді. Осы кезеңде мен «Топтау» (ассоциация) әдісін қолданамын. Топтау әдісі арқылы оқушының ойын қозғап, қызығушылығын арттырамын. Бұнда әр оқушы өзінің таным белсенділігін көрсете алады.

Бағдарламаның екінші кезеңінде (мағынаны тану) оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып

бойынша тапсырмалар орындайды. Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады.


Тақырып туралы ой-толғаныс бағдарламаның үшінші кезеңінде жүзеге асады. Осыған орай әр сабақ тақырыптарының ерекшеліктеріне қарай Венн диаграммасын толтырамын. Венн диаграммасын толтыру кезінде оқушы бір-бірімен ой алмастыру, ой түйістіру әрі өз шығармашылығын көрсете алады.

Жаңа сабақты (тақырыпты) бекітуде «Кубизм» әдісінің орны ерекше. Алты жағына алты сұрақ немесе тапсырма жазылады. Оқушы жауап береді, тапсырманы орындайды. Бұл әдістің оқушы ойын сараптауға көмегі мол. Сонымен қатар бұл әдіс баланы қызықтырады, есте сақтау қабілетін арттырады, нақты жауап беруге үйретеді.

Жаңа тақырыпты қорытындылағанда «Бес жолды өлең» әдісін сабақ соңында қолданамын. Бастапқыда қиын соққан бұл әдіс оқушылардың қызығуын бірден оятты. Келе-келе оқушылар өз бетінше үйлерінен құрап келетін болды. «Бес жолды өлең» әдісі бала шығармашылығын қалыптастырады.

«Ой толғау» әдісін кез келген сабақта қолдануға болады. Бұл оқушылардың алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бірден-бір әдіс. Себебі, бұл әдіс бала шығармашылығын қалыптастырады, оқушы өз бетінше ізденеді, сөйлеу қабілеттерін арттыруға жәрдемдеседі.

«Топтастыру» стратегиясын тәжірибемен ұштастырып көрейік. Ә.Сәрсенбаев. Әдебиет пәні. «Туған жер». 6-сынып.



«Сұхбат» стратегиясы сабақты қорытындылауға өте қолайлы.

Әр сыныптан сұхбат алатын оқушыны сайлап қоямын.

Ол сабақ соңында оқушыларға, сабаққа қатысып отырған қонақтарға, ұстаздарға сұрақ қойып жауап алады. «Жас қалам» үйірмесі бойынша жүргізілген сабақта қойылған сауалдардан мысал келтірейік.

- Бұл сабақтан қандай әсер алдыңыз?

- Үйірме жұмысын бүгінгі сабақ бойынша қалай бағалар едіңіз?

- Үйірме жұмысына қатысушыларға тілек, ұсынысыңыз қандай?

Бұл тәсілдің ерекшелігі: оқушы болсын, ұстаз болсын сабақ туралы пікірлерін ашық айтады, ұсыныс, тілектерін білдіреді, сабақты қорытындылайды.

«Кубизм стратегиясы» тақырыпты жан-жақты

талқылауға мүмкіндік туғызатын стратегия.

«Қазақ тілі». 7-сынып.

«Сөйлеудің» диалогтік және монологтік түрлерін қайталау.

1. Суреттеңіз: Диалог пен монолог дегеніміз не? Мысалдармен дәлелде.

2. Салыстырыңыз: Диалог пен монологтың ерекшелігі қандай? Дәлелде.

3. Қолданыңыз: Диалог, монолог құраңдар.

4. Ойыңызбен байланыстырыңыз: Әдебиет пәнінен өтілген шығармалардың ішінде диалог пен монолог бар ма? Еске түсіріңдер.

5. Саралаңыз: Монолог қалай жасалады? Өздерің құраңдар.

6. Талқыласыңыз: Берілген үзіндіден диалог пен монологты ажырат.

«Венн диаграммасы» стратегиясы.

Әдебиет пәні. 7-сынып. «Тортай мінер ақ боз ат»

О.Бөкеев.

| Аян | Ортақ | Тортай |
|---|---|--|
| 1942 жылы әкесімен көшіп келген. Ешкі өлмес тауының етегіндегі ауылда тұр. Бапай қарттың үйінде тұрады, хат таниды, тобығы тайғыш, аласа бойлы. | Жетім Арманшыл Қиялшыл Зерек Сауатты Ертегішіл Жас шамасы | Салықсалған ауылының тұрғыны. Қалың қорымның үңгірін паналайды, кітапқұмар, құлағының мүкісі бар, бойы ұзын. |

«Бес жолды өлең» әдісі. Әдебиет пәні 5-сынып.

М.Өтемісұлы «Қызғыш құс».

1. Лашын.

2. Жұдырықтай, қарасұлу.

3. Аулайды, ұшады, құлдырайды.

4. Құсбегі қыран құстарды баптайды.

5. Құс.

Қазақ тілі. 5-сынып. «Тіл ұстарту» сабағы.

1. Отан.

2. Қымбат, ыстық.

3. Құрметтейміз, көркейтеміз, қастерлейміз.

4. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

5. Туған жер.

Бұл стратегияларды сабақта қолданып, белгілі бір нәтижеге жету үшін мұғалім сабақ жоспарын құру барысында қай жерде қай стратегияны қолдану жолдарын, тапсырманы дұрыс ұйымдастыру жолдарын қарастыруы тиіс. Тапсырманы оқушылардың жас ерекшелігіне қарай нақты беруге тырысу керек. Әр стратегияға уақыт өлшеніп берілуі тиіс. Жүйелі, толық жауап алу үшін оқушыларға нақты уақыт беріп, қысқа әрі нұсқа сөйлеуге немесе жазуға, өз ойларын ашық, еркін беруді талап етуі керек. СТО бағдарламасының философиясын терең түсініп, әдістерін тиімді пайдаланған кездегі жеткен жетістіктерім:

1) Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады.

2) Оқушылар өз бетінше ізденуге үйренді.

3) Сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге машықтанды.

4) Тақырыпқа деген жан-жақты түсінігін аңғара отырып, ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасалды.

5) Ақпаратты саралауға, жүйелі жүргізуге

дағдыланды.

6) Оқушылардың шығармашылық белсенділіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланды.

7) Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді.

СТО-ның әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды.

Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады.

Жас жеткіншектерді заман талабына сай тәрбиелеуге, олардың жеке қабілеті мен бейімділіктерін, дарындылығын ескеру маңыздылығы күннен күнге арта түсуде. Ендеше дарынды оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде «Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының» әдістерін пайдалануы мүмкін. Осындай тиімді әдістерді қолданып жұмыс істеу арқылы жан-жақты өзіндік көзқарасы бар, шығармашылық қабілеті дамыған дарынды тұлғаны тәрбиелеуге қол жеткіземіз.

Әдебиеттер:

1 Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы». Өскемен, 2002 жыл.

2 Қабдолов З. «Сөз өнері». Алматы. «Мектеп» 1982 жыл.

3 Қазақ әдебиетінің оқулығы. 7-сынып.

Таным табиғатында

Г.ДАЙЫРБЕКОВА,

№7 колледж.

Оңтүстік Қазақстан облысы,

Кентау қаласы

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ. «ЖОН АРҚА»

Мақсаты: білімділік- аты аңызға айналған қазақ елінің батыры Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен шығармалары туралы түсінік беру; дамытушылық- «Жон арқа» атты әңгімені оқыта отырып, Ұлы Отан соғысы, қазақстандық жауынгерлердің ерлігі, олардың жарқын тұлғалары жайлы ұғындыру; тәрбиелік- жас ұрпақты батырлыққа, қайсарлыққа, ұлтжандылыққа баулу, жерін, елін сүюге тәрбиелеу.

Түрі: танымдық сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сыни тұрғыдан ойлау (Блум таксономиясы), топтық жұмыс, формативті бағалау.

Көрнекілігі: Б.Момышұлының шығармалары, суреті, слайдтар, түрлі кестелер мен сызбалар, әдеби еңбектерінен көрме.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

а) Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру.

ә) Оқушыларға психологиялық ахуал тудыру үшін түрлі-түсті қағаздар мен смайликтер таратамын. Сабақ басында және сабақ соңында өз көңіл күйлерін

смайликтер арқылы көрсетіп, бірін-бірін бағалап отырады.

Қызығушылықты ояту.

Топқа бөлу: «Әлия, Мәншүк, Бауыржан» есімдерімен топқа бөлінеді. Әр топ өз атауларын сызба түрінде жазып, қорғап шығады.

Ой қозғау.

Топтық тапсырмалар. Берілген тапсырмаларды топ мүшелері біріге отырып орындайды.

1-топ. ҰОС туралы тарих пәнінен алған білімдерін дәлелдеп, әңгімелейді.

2-топ. Қазақстандықтардың ҰОС – ндағы жағдайы.

3-топ. Майдангер қаламгерлер.

(Слайдтармен жұмыс)



Бауыржан Момышұлының әдеби шығармашылығы

- * Ұшқан ұя (1974 жыл)
- * Москва үшін шайқас,
- * Жауынгердің тұлғасы,
- * Майдан,
- * Майдандағы кездесулер,
- * Генерал Панфилов,
- * Төлеген Тоқтаров,
- * Куба әсерлері
- * Адам қайраты (1981 жыл)
- * Елбасына күн туса
- * Психология войны

Баукеңнің нақыл сөздері

Өзінді сыйлайтын жерге қайта-қайта жылтыңдап бара берме, қадірің кетеді

Намысты нанға сатпа!

«Жұртым» деп - жұмылып
«Елім» деп - езіліп қызмет ет.

Ой толғаныс.

Мәтінмен жұмыс. Топтарға шығарманы бөлімдер бойынша бөліп беру.

1-топ: Әңгімеде кездесетін мақалдарды теріп жазу.

2-топ: Ерлік, батырлық, қырағылық туралы мақал-мәтелдерді жазу.

3-топ: Бұл қандай соғыс? тақырыбына мәтін құрау.

Қорытынды.

Кім жылдам?

Берілген сұрақтарға тез әрі дұрыс жауап берген топ жеңімпаз болады.

1. ҰОС қай жылдары болды?

2. Қазақстандық батырларды ата.

3. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған кімдер?

4. Майдангер жазушыларды ата.

5. Қандай батыр қалаларды білесіңдер?

6. Б.Момышұлы соғыстан кейін қандай қызметтер атқарды?

7. Б.Момышұлының келіні кім?

Рефлексия:

Бағалау: Бағалау парақшаларын толтыру. Әр топ сабаққа белсенді қатысқан оқушыларға ұпай береді. Кім көп ұпай алса, сол оқушы үздік бағаға ие болады.

Үйге тапсырма:

Б.Момышұлы туралы қосымша деректер іздеу.

С.ШАЛАБАЕВА,
Теміртау көпсалалы
«Мирас» колледжі.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ПОЭЗИЯСЫ

Жиырманшы жылдары қоғамдық өмірде болған түбегейлі өзгерістер, жаңа заман дамуының қарқындылығы, тарихи оқиғалардың жедел ауысып отыруы Сәкен поэзиясында сол дәуір бейнесін берерлік екінші образ-жүйрік пойыз-экспресті тудырды. "Біздің тұрмыс-экспресс" деп жырлады ол.

Жаңа қоғамдық құрылыстың даму қарқыны мен өзіндік сипатын, қанша ұшқыр да арынды болғанмен, тұлпар бейнесі таныта алмайды деп түсінген жаңашыл ақын:

*Бұрын атым тұлпар еді - бәйге көк,
Енді, міне, пойыз болды, тұлпар жоқ.*

Ұзақ жолға

Тұлпар қол ма?

Мейлі жорға,

Тұлпар міну — Сарыарқада жүрсең тек.

...Ісі ерен

Ұқсас көрем

Отарбаны біздің осы тұрмысқа! -

деп жазды. Жаңа елдің даму жылдамдығын ұшқыр пойызға-экспреске теңеу Сәкеннің басқа да туындыларында кездеседі. Жаңа өмірдің болашағына, оны орнатушылардың

жасампаздығына ақын кәміл сенеді.

*Қиырсыздың қиырына жетейік,
Өлшеу жоқ көк мұхиттан өтейік.
Аспандағы алыс қызыл жұлдызды
Жерге әкеліп, жердің көркі етейік.
Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық,
Болмағанды болдырайық дүниеге,
Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық,-*дейді.

Жаңа замандағы еңбектің, техниканың рөлі Сәкеннің көптеген өлеңдерінің мазмұнын құрайды. "Қара айғыр", "Аэропланда", "Аспанда" деп аталатын өлеңдерінде жаңа тұрмыс көрсеткіші ретінде көрінетін экспресс, пойыз, ұшақ образ-символдары ақын поэзиясында жиі ұшырасады.

Шексіз алыс қиыр, өлшеусіз мұхит, асуы жоқ тау, аспандағы жұлдыз, тас қақпа - ауыз әдебиетінде, халық ұғымында арман-мұрат жолындағы қиямет қиын бөгет, кедергілер. Жаңа тұрмыс жыршысы "болмағанды болдырып", жаңа өмір орнатуға шақырады. Халық әдебиетінің дәстүрлі образы бойынша, ақын паровозды "қаһарлы күшпен ақырған", "дүбірі жер жарған" жүйрік тұлпар — қара айғыр бейнесінде суреттейді.

"Біздің Сәуле", "Маржан" өлеңдерінде Сәкен теңдік алып, жаңа өмірдің белсенді құрылысшысы болған қазақ әйелінің ұнамды бейнесін жасайды. "Бұлшық ет" атты лирикалық өлеңінде барлық әрекет, қозғалыстың, динамиканың, даму атаулының тұтқасы — тас қопарып, жер үңгіп, шыңырау қазып, байлық шығарған, темір жол

салып, жер қыртысын сыдырған адам қолын ардақтай келіп, ақын бұлшық етті айғырдың тоқпақ жалына, бөкеннің серке санына, қайыңның қырған безіне, шортанның жұмыр беліне теңейді.

*Ширатылып түйілген,
Болаттай күшпен иілген,
Бұлшық етті білек пен
Балтырдан күшті дене жоқ -* деп аяқтайды.

Бұл — адам баласының тән саулығын, күш-қайратын образды деталь арқылы әсем бейнелеп, шалқыта мадақтаған келісті де ықшам, көркем де шебер жыр.

Көңіл күй әуендері. Сәкен Сейфуллин — адам жанының күйініш-сүйініштерін, алуан сипатты сезім күйлерін, ынтық, құштар жүректің нәзік сыр, ыстық толқындарын шебер де әсерлі суреттеген тамаша лирикалардың авторы.

Сәкен лирикасының өзіндік сыр-сипаты алуан түрлі. Туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі — ақын лирикасының басты тақырыптары.

Ол, әсіресе, табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, сүйіне жырлады. Ақынның әйгілі "Көкшетау" поэмасы қазақ жерінің ең бір көркем, сәулетті өңірінің естен кетпес мынандай керемет сұлу суреттерінен басталады:

*Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,*

*Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсысы алтын кесе аясында.
Ауасы-дертке дауа, жұпар исі,
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалар шымалдықтай,
Қарағай, қайың менен қалың жыныс.
Ырғалған көкке байлап қарағайы,
Қасында көк желекті әппақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы.
Қарағай биік шыңды қиялаған,
Еш адам оны барып қия алмаған.
Шаңқылдап тау жаңғыртып, шыңға қонып
Жалғыз-ақ көк қаршыға ұяларын.
Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес,
Басына атсаң-дағы оғың жетпес.
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.*

Біз бұл өлең шумақтарынан онда суреттелген мөлдіреген күміс айнадай сексен көлдің аясында, көк мұнарға оранып, көшкен бұлттармен есен-амандық сұрасып, сұлу жүзін әлсін-әлсін ақ жауынмен жуып, нұр жайнаған кербез ару Көкшетау табиғатының көріністерін өз көзімізбен көріп, жұпар ауасымен рахаттана тыныстап, көк қаршығасының шаңқылы мен қалың қарағай, көк желекті ақ қайыңдарының сыбдырын өз құлағымызбен естіп тұрғандай әсер аламыз.

Сыршыл да ойшыл ақын, сұлулық жыршысы табиғатты онда мекендеген адамның көңіл күйімен, жасампаз еңбегімен байланыстыра жан бітіре суреттейді. Сәкеннің күрес жолындағы кейіпкерлерінің елге, туып-өскен жерге деген сезім күйлері табиғатқа ынтықтығы арқылы ашылады. Мысалы, "Қамаудан" деген өлеңінде жау қолында зарыққан тұтқын туған жер табиғатынан жанына демеу табады:

*Тас үйдегі тұтқынды
Аяған адам жоқ болды.
Аяды бірақ табиғат,
Көңілім соған тоқ болды.
Терезенің алдына
Торғайлар келіп ән салды.
Ызғарлы қамау тас үйге
Күйлендіріп жан салды...
Демін салып майда жел
Құшақтап сүйіп тәнімді.
Сүйгенімдей тербетіп,
Жұбатты менің жанымды.*

Табиғат қамаудағы тұтқынның жабырқау көңілін жадыратып, бойына бостандыққа деген сенім ұялатады.

"Сағындым" атты өлеңінде де "туғалы қапас көрмеген", еркін өскен бұла жастың "Сарыарқа сары белі бар" қырын, "өзенді, көлді жайлаған, көрмеге тұлпар байлаған" ауылын, "еркесі қырдың бұралған" сәулесін, "айналып-толғанып өсірген" анасын сағынуы табиғаттың әсем суреттерімен, ел өмірінің әсерлі көріністерімен

астастырыла берілген. Лирикалық кейіпкердің қыр тіршілігіндегі өзгерістерге сүйінген қуанышты көңіл күйін ақын "Қырда", "Далада" атты өлеңдерінде еркелей, шаттана ескен дала желі арқылы бейнелейді:

*Есіп кеп, майда желдер таудан асып,
Құшақтап аймалайды, амандасып.*

*Естіген, көрген-білген сырын маған
Айтысты қуанысып, сыбырласып.*

*...Күлімдеп гүл шашақтар басын иді,
Құшақтап майда ескек жел беттен сүйді:*

*Қуаныш сырын айтқан ғашығындай,
Ескектің көкірегіме лебі тиді.*

Табиғаттың кіршіксіз тазалығы"Ақша қар" өлеңінде кір-лас дүниеге қарсы қойылған."Күздігүні далада", "Жаздыгүні далада" атты өлеңдерінде де ауыл тіршілігі табиғат суреті арқылы көрсетіледі.

Ғашықтық, сүйіспеншілік сырлары көбінесе табиғаттың қошеметі мен қолдау-құптауы аясында ашылады. Ақын махаббаттың арман-аңсары мен құпия сырларына сұлу табиғатты куә етеді. "Тау ішінде", "Біздің жақта", "Жазғы түнде" өлеңдеріне осы сипаттар тән. Оларда туған өлкенің сырлы табиғаты жастардың жүрек құпиялары, ынтық сезімдерімен жарастық тауып, оқырманды ерекше әсерге бөлейді. Ал "Анаға хат", "Анаға жауап" өлеңдерінде аналық-балалық махаббаттың, сағыныш-мұңның, өкпе-наздың, жүрек қылын шертер, көзге жас үйірілтіп, ет жүректі елжіретер нәзік лирикалық сезім жеті-

сегіз буынды, шалыс ұйқаспен келетін өлең өрнегімен аса сәтті бейнеленеді.

Ақын "Сыр сандық" өлеңін досына хат түрінде жазған. Сезім мен сыр, ой мен образ жымдаса қабысып кеткен бұл өлеңнің ішкі ырғағы, әуезі есіле төгіліп, жібек торғындай судырап тұр. Адалдық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ождан, достық пен қастық туралы тебірене сыр шерткен ақын мұзбалақ, зеңгір тау, сыр сандық, сым перне, алтын сарай образдары арқылы эстетикалық-этикалық мұраттарын ірікпей толғаған.

Сәкен адамның көңіл-күйін, сырын, тұспалдай жырлап, оны биік таудың басындағы кілттеулі сыр сандыққа балайды. Дос жанын түсіне білетін нағыз адам — дос қана сол құзар биіктегі сыр сандықтың кілтін тауыш ашып, көңілдің күй пернесін баса алмақ.

*Әр адамның ішкі сыры —
Берік қойма сақталған.*

*Сол қойманың бір түкпірін
Достың досы-ақ ақтарған.*

*Кейде ашуға сол түкпірді
Іздейді жан жақынын.*

*Шерттеді жан сырлы жырды,
Сырлас жанын шақырып.*

*Тыныс керек кейде жанға,
Кейде жанға ән керек.*

*Күй шертуге анда-санда
Сырласарлық жан керек.*

Сын сандықты ашып қара,

*Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын.*

Өлеңде жаныңды түсіне білетін шынайы достарға "қолыңда жемің барда шырқ айналып, жем таусылса, жалт беретін жанама достар" қарсы қойылған.

Сөйтіп, Сәкен лириканы тек сезімді жырлаумен шектемей, оған азаматтық әуен, ойлы мазмұн дарытып, жаңа мүмкіндіктерін ашты. Қазақ лирикасының үздік үлгілерін тудырған ол ізгі де сұлу сезімдердің, айнымас достық пен махаббаттың шабытты жыршысы болды.

"Аққудың айырылуы" поэмасы. Сәкен Сейфуллин шығармашылығына тән тұрақты сипаттардың бірі — аллегориялық тәсілді символ бейнеге жиі пайдалануы. Оның "Аққудың айырылуы" поэмасында да мәңгілік те асқақ махаббатты жырлауға қазақтың ежелден бергі түсінігінде (аңыздарындағы) тазалық пен сұлулықтың, махаббатқа шексіз адалдықтың символы саналатын аққу бейнесі алынған.

Оқиға Арқадағы бір сұлу көлдің жағасында өтеді. Ақын маржан сөз, шымкесте өлең өрнегін төгілдіріп, алдымен әлгі көлдің кісіні тамсандырғандай көркем суретін салады.

*Арқада бір жер бар еді
Жібек самал саясы.
Саяда бір көл бар еді
Сырлы кесе аясы.
Маржан құмы, күміс суы*

*Көл еді кең айнадай.
Мұнарытқан торғын буы,
Көк кестелі айнала...
Әдемі еді мөлдіреген
Айна көлдің өрнегі.
Су бетінде үлбіреген
Ақ шашақтар өрнегі.
Пай шымылдық, жасыл құрақ,
Қалың біткен ну құрақ.
Кейде аққулар жасырынады,
Шымылдыққа судырап.
Айна көлдің суы күміс,
Жұбай аққу көркі еді.
Көрсекөзің алар таныс,
Екі сәулем ерке еді.
Көлдің басы ертелі-кеш
Мың құбылған ән еді.
Екі гашық ертегідей,
Көлдің көркі — сәні еді.*

Лирикалық кейіпкер анда-санда бой жазып, демалуға осында келеді екен. Бұл жолы да әдетінше еркелеп келіп, көл жағасында жатып, оның көрінісін тамашалайды. Бұрын байқамаған жаңа сипаттарына ғажаптана таңырқайды.

*Кең айнадан өзін көріп,
Құстар билеп, ойнайды.
Су түбінен маржан теріп,
Сүңгіп терең бойлайды,*

-деп көлдегі тіршілік базарының бір көрінісін көзге тосады. Көл бетін мекендеген қызғыш, таукүдірет, шағала, сұқсыр, қасқалдақ,

үйректердің қылығы мен қызығы қандай келісті
десеңізші!

Сөйтсе де ақын көңілі мұның бәрін олқысынады.
Өйткені "аққу әні-жүрегінің тілегі"-жұбай аққу
көл бетінде көрінбейді.

Аққулардың келуімен көл бетінің тіршілігі күрт
өзгеріп, жайнап, жанданып сала береді. Жұбай
аққудың бір-бірімен жолығысып, мауқын басын
көңілдері көншіген ерке, назды шағы — махаббат
салтанаты өмір қызығына айналады.

Ақын да шат сезім, ыстық шабытпен үздіге
жырлайды. Махаббат лирикасының сирек
ұшырасатын інжу-маржандай үздік шумақтарын
тудырады.

*Жалғыз аққу жырақтағы
Әнге салды "келем" деп.
Сыңар аққу құрақтағы
Тұрды күтіп, көлеңдеп.
Сыңқылдатып, жарып көлді,
Жұпар майын жағынып;
Жұбайына аққу келді,
Алыс жерден сағынып.
Бөлек екен екі ғашық,
Жайқынға кеп түйісті...
Сыпайы ойнап, сыңқылдасып,
Тәтті айқасып, сүйісті.
Күміс суды жұмсақ сүйіп,
Екі сұлу сыланды;
Сылдыратып моншақ тізіп,
Ақ көбікке бұланды.
Дөңгеленіп сәнін түзеп,*

*Айна көлге қаранды;
Екі сұлу әнін түзеп,
Жуынды да таранды.
Екі кербез қатар түзеп,
Көлдің келді шетіне:
Көлдегі әппақ шашақты үзіп
Иіскей басты бетіне.
Иіскеп нәзік иісін жұтмыш,
Көлбеңдеді айнала,
Ақ шашақты талдап түтіп,
Шашты мөлдір айнаға.
Талдап түтіп ақ шашақты,
Алып әппақ жұпарын;
Ақ тәніне сылап жақты:
Қандыруға құмарын.
Екі сұлу еркелесті,
Бір-біріне жарасып;
Тағы нәзік "не-не?" десті,
Бір-біріне қарасып...*

Біз бұл шумақтарды оқи отырып, ондағы
айтылғандардың бәрін лирикалық кейіпкерлермен
бірге көріп, қызыға, сүйіне тамашалап тұрғандай
әсер аламыз.

Ақынның сұлулықты сезінуі және соны көзге
анық елестейтін құбыла құлпырған жанды
суретке айналдыру шеберлігіне тәнті боламыз.
Табиғат әлеміндегі жарастық: күміс айдын, оның
жиегіндегі судырлаған торғын шымылдық, су
бетінде сүйісіп, ләззатқа бөленген кербез, сұлу
аққулар — бәрі-бәрі қандай әсерлі бейнеленген.

Сол арада қамыс арасында жасырынған Сұр

мерген жұбай аққудың бірін атып өлтіреді. Осылайша табан астында махаббат пен сұлулықтың, тазалықтың символы тас жүрек қатыгездіктің құрбаны болады. Жұбайынан айырылған сыңар аққудың жан азабы, шарасыз күйі трагедиялық шамырқаныспен суреттелген. Серігінен мәңгі айырылған жалғыз аққу, сыңарының өлімі өзегін шоқтай қарып, жанын қоярға жер таппай, зар жылайды:

Сыңсып аққу суды шашып,

Шырқ айналды зәлімді.

Сұр мергенге төсін ашы:

"Мені де ат!" — деп жалынды.

Қып-қызыл қып қолын қандай

Ақ сұлудың қанына;

Мерген кетті шыдай алмай,

Күйіктінің зарына...

Сұр мергенді шырқ айналып,

Жылап аққу қалмады;

Өзегі өрттей күйіп-жаньш,

Қаққан қанат талмады...

Біресе аққу шырқап биік,

Көкке жылап зарлады;

Біресе кеп жерге тиіп,

Көзден жасы парлады,

Біресе кеп жерді сабап,

Жер бауырлап ыңқылдап;

Біресе ұшып желді сабап,

Назаланды сұңқылдап.

Ақын талантының күштілігі соншалық, біз

әңгіме кәдуілгі құс (мейлі, аққу-ақ болсын) жайында емес, екі асылзада жас — ғазиз ғашықтар жайында болып жатқандай, оқиғаның өзі көз алдымызда өтіп жатқандай, өзімізді соның жанды куәгерлеріндей сезінеміз, шын қайғырып, тамағымыз кеберсиді.

Сыңарынан айырылған аққу ендігі өмірін мағынасыз, керексіз санайды. Сондықтан: "Мені де ат!" — деп қанша жалынса да, мұны да өлтіруге жүрегі дауаламаған Сұр мергеннің алдына көктен құлап, жан тапсырады.

Төмен ағып қадалды да,

Найзадай боп шаншылып,

Сұр мергеннің қақ алдына

Жығылды аққу шаншылып!

Күйікті жар құлап өлді,

Ақ төсінен қан ақты;

Жұбайына: "Ырза бол!" — деп,

Бір-ақ серіпті қанатты.

Өлімді де шіркін ғашық

Сүйгенімен бір көрді;

Жан күйігін мәңгі басып,

Жұбайымен бірге өлді!

Поэма адал махаббатты мадақтайды, өмірдің мәні мен сәні шынайы сүйіспеншілікте екеніне нандырады. Сонымен қатар, ақын өмірдегі де, табиғаттағы да ұлы жарасымды, гармонияны бұзудың орны толмас трагедияға апарып соғатынын көрсетеді, адамдарды абай болуға шақырады.

Н.ИБРАГИМОВА,
«Алғабас» жалпы орта мектебі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Түлкібас ауданы

Ж.ЖАБАЕВ. «ЗІЛДІ БҰЙРЫҚ». **«ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ». «АТА** **ЖАУМЕН АЙҚАСТЫҚ»**

Мақсаты: Ж.Жабаевтың өлеңдерімен таныстыру. Әдебиетті, туған жерді, Отанды сүюге баулу, СТО-ға баулу. Бағалауды үйрету.

Күтілетін нәтиже: Ж.Жабаевтың өлеңдерімен танысады. Әдебиетті, туған жерді, Отанды сүюге тәрбиеленеді. СТО-ға баулынады. Бағалауды үйренеді.

Әдісі: сұрақтар, топтастыру, ой шақыру. Топтық жұмыс, жеке жұмыс. Постермен жұмыс. «Өрмекшінің торы» ойыны. СТО. ОҰБ және ОБ: ынталандыру жиынтық бағалау, кері байланыс.

Көрнекілігі: бейнекөрініс.

Барысы:

| Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
|---|--|
| «Поэзия минуты» ой сергіту. | Оқушылар ой сергітуге қатысады. Жамбылдың өлеңдерінен үзінділер оқиды./ |
| Топқа бөледі Бағалау парақтарын таратып, бүгінгі сабақты бағалау талаптарымен таныстырады. | Санмен топқа бөлінеді. /Сатира. Поэзия. Жыр. Дастан/ Сабақта баға жария түрде қойылып, өздерінің қандай білімдері және олардың қалайша бағаланатынын біліп отырады. |
| Үй тапсырмасына кері байланыс жасауға тапсырма береді. | Оқушылар «Өрмекшінің торы» ойыны арқылы үй тапсырмасын бір-бірінен сұрайды. 1. Жамбыл Жабаев. 2. Өмірі. 3. Шығармашылығы. 4. Поэзиясы. 5. Дастандары. |

| | |
|--|---|
| Жаңа сабақ. Ой шақыру. Сабақ тақырыбын жариялап, мақсатын оқушыларға айтқызады. | Оқушылар топ болып «алып» сөзі туралы не білетінін ортаға салып пікірлеседі. «Жыр алыбы-Жамбыл» ұғымымен байланыстыра отырып, өз ойларымен өзге топтармен бөліседі Әр топтан бір оқушы сабақтың мақсатын ақылдайды. |
| Топтық жұмыс. «Үш сөйлем» әдісімен жұмыс тапсырады. | Балалар топ болып топ аттарын қорғайды. Ж.Жабаевтың шығармашылығымен байланыстырады. Үш сөйлем аясында сөйлеу керек. |
| Балаларға жаңа сабақ бойынша топық тапсырмалар беріледі. Өзара әрекетке түсіреді. Өз бетінше білім алуға жағдай жасайды. | Балалар өз бөліктерімен жұмыс істейді. 1-топ. «Зілді бұйрық» өлеңіне топтастыру жасайды. 2-топ «Ленинградтық өренім» өлеңіне кластер құру 3-топ. «Ата жаумен айқастық» өлеңі мен «Зілді бұйрық» өлеңін «Сикырлы алмаға» салу арқылы өлеңдердің тақырыбы мен идеясын, өздеріне тән белгілерін айқындайды. 4-топ. «Жамбыл Жабаев» тақырыбы бойынша «Ақылдың алты қалпағы» әдісімен ойлаудың алты деңгейін көрсетеді. |
| Сабақты бекіту үшін «Ыстық орындық» әдісімен балаларға бір-біріне сұрақтар қойғызады. Жамбыл Жабаев туралы бейнекөрініс көрсетеді. | Оқушылар бірі-біріне сұрақтар қойып сабақты бекітеді. Бейнекөрініс көреді. |
| Үйге тапсырма беріледі | Өлеңдерді жаттау. Дәптермен жұмыс. |
| Бағалауды оқушылардың өздеріне жасатады. | Топ басшылары бағалау талаптары бойынша бағалағандарын жария етеді. Сол арқылы балалар бағалауды өз әрекетіне айналдыруды үйренеді. |
| Рефлексия | Сабаққа кері байланыс жасалады/ Не білдім? Не білетін едім? Маған бүгінгі сабақта не жаңалық болды?/ |

Б.ЖАРКЕНОВА,
«Жарбұлақ орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы,
Қабанбай ауылы

ДАНА ХАЛЫҚТЫҢ ДАРА АБАЙЫ

Мақсаты: қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өміріне шолу жасай отырып, өлеңдерін, қарасөздерін, әндерін, поэмаларын терең ұғындыру, құдіретін таныту. Оқушыларды ақын шығармаларын түсіне оқуға дағдыландыру, шығармашылыққа баулу. Ақын шығармаларынан фибрат алуға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: ақын портреті, кітап көрмесі, қанатты сөздер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Ақын өмірбаяны.

III. Ізденіс жолында (шығармашылығы)

IV. Абай өлеңдері.

V. Қарасөздері.

VI. Аудармалары.

VII. Поэмалары.

VIII. Әндері мен күйлері.

1-жүргізуші: -Армысыздар, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар!

2-жүргізуші: -«Дана халықтың дара Абайы» атты

танымдық сабағымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

1-оқушы: -Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы 1845 жылы бұрынғы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Қасқабұлақ ауылында дүниеге келген. Абай әуелі ауылда Ғабитхан деген татар молдасынан мұсылманша хат таниды. Абайдың әкесі 10 жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесіне оқуға береді. Ол бос уақытында Шығыстың ұлы ақындары Низами, Науаи, Физули, Фирдоуси шығармаларын өз бетімен оқып, ертегі, дастан, хисса сияқты әдеби мұралармен танысады.

Жасы 13-ке келіп, ерте есейіп, ақыл-ойы тола бастаған шақта өткір, зейінді Абайды әкесі Құнанбай ел билеу ісіне араластырып тәрбиелемек болып, оны оқудан елге алып кетеді.

2-оқушы: -Абайдың ақындық жолға бет бұрған кездегі алғашқы сөзі білім туралы болды. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңдерінде білім, ғылымның адамға пайдасы туралы айта келіп, жастарды ғылым-білімге үндейді.

3-оқушы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін мәнерлеп оқиды.

4-оқушы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін мәнерлеп оқиды.

1-жүргізуші: - Мал жұтайды, өнер жұтамайды, оқуды өнер-біліммен үйрену керек екен. Өнерді оқу-білімнен үйренген Абай артына мол қазына

қалдырып кетті.

Оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқиды.

Оқушылар Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы-ол», «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат», «Сегіз аяқ», «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

2-жүргізуші:

-Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй,-

дей келе кезекті күйге берейік.

«Май түні» күйі орындалады.

1-жүргізуші: -Абай XIX ғасырдың 90-жылдары өзінің ой-толғаныстарын қара сөздермен жазған. Ақынның қара сөздері көркем әңгіме емес-ғақлиялық даналық сөздер.

Келесі кезекте Абайдың қара сөздері оқылады.

Оқушылар Абайдың «Он сегізінші», «Он тоғызыншы», «Отыз бірінші», «Отыз екінші» қара сөздерін мәнерлеп оқиды.

«Желсіз түнде, жарық ай» әні орындалады.

2-жүргізуші: -Ақынның үш поэмасы бар. Олар: «Масғұт», «Әзім әңгімесі» (аяқталмаған), «Екендір» поэмасы бар.

«Масғұт» поэмасынан көрініс.

1-жүргізуші: - Абай халықтың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз, ұлттық

идеологиямыз. Оның өшпес мұрасын алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту-біздің ғұмырлық парызымыз.

Бір оқушы Абайдың аудармалары туралы айтады (Крылов және Абай)

Бірнеше оқушы «Татьянаның хаты», «Онегиннің жауабы», «Шегіртке мен құмырсқа» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

1-жүргізуші:

-Әннің де естісі бар, есері бар,

Тыңдаушының құлағын кесері бар.

Ақылдының сөзіндегі ойлы-күйлі,

Тыңдағанда көңілдің өсері бар,-

деп ақын айтқандай, ендігі кезекті әсем әнге берейік.

«Көзімнің қарасы» әні орындалады.

2-жүргізуші: -Абай жылдың төрт мезгілін арнайы тақырып етіп тамаша өлеңдер жазды. Ақынның ол өлеңдері 1886-1890 жылдар арасында орыс, Батыс классиктерін еркін оқып меңгергеннен кейін туған.

Оқушылар «Күз», «Жазғытұры», «Қыс» өлеңдерін оқиды.

1-жүргізуші:-Қазақтың ақыны, данышпаны көп болғанымен, Абай біреу-ақ.

Абайы бар елдің мерейі үстем. Абай мұрасы – мәңгілік мұра.

2-жүргізуші: -Біз үшін Абай өмірі –үлкен тәрбие мектебі, себебі оның сөздерінің білімге, еңбекке, адамгершілікке баулитынына көз жеткізіп отырмыз.

Ән: «Айттым сәлем, Қаламқас».

М.АЙКЕНОВА,
«Т.Көбдіков атындағы орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
Шар қаласы

ҚАЖЫМҰҚАН – ЕРЕН КҮШ ИЕСІ

Мақсаты: білімділік-оқушыларды портреттік мінездеме жасауға үйрету, шығарманың сюжетін талдауға дағдыландыру; дамытушылық-шәкірттердің сөйлеу, ойлау қабілеттерін арттыра отырып, ауызша, жазбаша ой білдірулерін қалыптастыру; тәрбиелік-балаларды еңбексүйгіштікке, ерлік пен өрлікке баулу, өздерін қоғамда дұрыс ұстауға тәрбиелеу.

Түрі: білімді жүйелеу және бекіту сабағы.

Типі: аралас сабақ.

Әдістері: деңгейлік тапсырмаларды орындау үшін «Бағдаршам» стратегиясы, сұрақ-жауап, СТО стратегиясы, «Символдар» стратегиясы, ойын әдісінің элементтері.

Көрнекіліктер мен құралдар: дидактикалық материалдар («Венн диаграммасы» жазылған шиырма, сабақтың тақырыбы), үлестірмелі материалдар, техникалық құралдар, Қажымұқанның портреті, буклет, дүниежүзі картасы, қызыл дорба, бағдаршам.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, ағылшын, орыс тілдері.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу.

2. Түгелдеу.

3. Оқушыларды сабақтың тақырыбымен таныстырып, мақсатын түсіндіріп айту.

4. Психологиялық ахуал туғызу.

Мұғалім оқушыларға бір-біріне тілек айтқызады:

Достар, шеңбер құрайық!

Қол ұстасып тұрайық.

Сабағымыз сәтті өтіп,

Қуанышты болайық!

5. Балаларды сабақтың желісінен хабардар ету, бағалау парағымен таныстыру.

Сабақтың әр бөліміндегі әр оқушының жауабы үшін сәйкесінше ұяшыққа стикер жабыстырылады. Сабақ соңында қорытынды шығарылады.

II. Үй жұмысын тексеру.

«Жаяу сүйреген шана» әңгімесінің сөжетін талдау.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы балаларға әңгімелердің желісі бойынша пысықтау жұмысын жүргізу. «Қызыл дорба» ойынын ойнаймыз. Оқушылар дорбадан таңдап алған сұрақтарына жауап береді.

1. Қажымұқан туралы әңгімелер топтамасының авторы кім? (Қажымұқан туралы хикаялардың авторы Қалмақан Әбдіқадыров)

2. Қажымұқан қандай күрес түрлерін білген екен? (Қажымұқан қазақша күрес, грек – рим (әңгімеде французша деп аталынатын) күрес түрлерін білген)

3. «Қар күреген бала» әңгімесінде не туралы айтылған? («Қар күреген бала» әңгімесінде жас баланың мықтылығы сипатталады)

4. «Жаяу сүйреген шана» әңгімесінің қысқаша мазмұнын айт.

5. Қажымұқан французша күреске үйренген мектептің иесі кім? (Қажымұқан французша күреске үйренген мектептің иесі дядя Ваня)

6. «Ұлы Петр қаласы» деген қай қала? Ол қай жерде орналасқан? («Ұлы Петр қаласы» деген қазіргі Санкт – Петербург. Ол Ресейде орналасқан.)

7. Қажымұқан барған Париж қаласы қай елдің астанасы? (Париж Франция елінің астанасы)

8. Қажымұқан Парижден бұрын қай жерлерде болды? (Қажымұқан Эстония, Латвия, Австро – Венгрия, Польша, Швейцария, Ресейде болған.)

9. Дядя Ивановның мектебінде Қажымұқан қай балуаннан кейін тұрды? (Дядя Ивановның мектебінде Қажымұқан Дубный деген орыс балуанынан кейін тұрды.)

10. Париж қаласында қай елдердің балуандары өнер көрсетті? (Парижде африкалық, Үндістан, Ресей т.б. елдердің балуандары өнер көрсетті)

III Білімді жүйелеу және бекіту

1. Техникалық құралардың көмегімен Қажымұқан туралы видеороликті тамашалау.

2. Видеороликті пысықтау:

• Балалар, сендер видеороликтен қандай мәлімет білдіңдер?

• Көргендеріңнен не түйдіңдер?

• Өз ойларыңды білдіріңдер.

3. Қажымұқан жайлы шынайы деректер алу.

Оқушылар Қажымұқанның өмірі жайлы алдын – ала дайындаған матариалдарымен бөліседі.

4. Картадан Қажымұқанның барған жерлерін

көрсету. Қажымұқан шын күш, дарын иесі. Оның күштілігі тек өзінің ғана емес, бүкіл Қазақстанның, керек десеңіз дүйім қазақтың атағын бүкіл әлемге танытқан. Десе де, өз танымалдылығын балуан асыра пайдаланбай, керісінше, соғыс кезінде майдандағы жерлестеріне көріністерінен тапқан ақшасын жұмсап, ұшақ жіберген. Бүкіл халық оның ақжарқындылығы мен шыншылдығын, кеңпейілділігін, аңқаулығын аңыз қып айтып жүретін.

5. Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.

| Қажымұқанның өзгешелігі. | Ұқсастығы | Толағайдың өзгешелігі |
|--------------------------|-----------|-----------------------|
| | | |

I жасыл: қалыпты деңгей – Қажымұқан мен Толағайды салыстырып, Венн диаграммасын құру.

II сары: шығармашылық деңгей – әңгімелердегі кем дегенде үш кейіпкерге портреттік мінездеме жазу.

Мысалы, дядя Ваня, Орлий Масликов, Дубный, бай, т.б.

III қызыл: эвристикалық деңгей - «Символдар» стратегиясы.

Тақтада ілулі тұрған 4 түрлі сурет бойынша (кір тасы, медаль, кубок, ту) оқушылар шағын мәтін құрастыруы керек. 5 мин. уақыт беріледі. Құрастырған мәтіндерін оқиды.

6. Сергіту сәті. Оқушыларды полимәдениеттілікке баулу мақсатында сергіту сәтін 3 тілде өткізу.

1) Қазақша;

2) Орысша;

3) Ағылшынша.

IV. Бекіту.

Балаларға үлестірмелі материалдар таратылады.

- Қажымұқан кім?

(Қажымұқан – күресші, батыр, ерен күш иесі)

- Қажымұқан қандай адам болған?

(Қажымұқан салиқалы, салмақты, кішіпейіл, қарапайым адам болған)

- Қажымұқаннан қандай өнеге алуға болады?

(Қажымұқаннан, әсіресе, ер-азаматтар осы өмірде өз сөзі мен ұстанымына берік, ісіне адал, кішіпейіл болу керектігін үйрену керек. Атақты балуаннан өз ісіне шынымен беріліп, тиянақты болу керектігін мысал қылып көрсек артық болмас)

V. Қорытынды.

Кері байланыс.

- Сабақ бойынша сұрақ бар ма?

- Сабақ көңілдеріңнен шықты ма? Сабақ ұнаса күліп тұрған адам бейнесін, ұнамаса көңілсіз адам бейнесін берілген домалақ үлестірмелі материалдарға салып, тақтаға ілу.

VI. Үй жұмысын беру. 200-беттегі сұрақтар мен тапсырмалардың жауабын табу.

VII. Бағалау.

Оқушыларды бағалау парағына сәйкес бағалау: 5-6 ұпай жинаған оқушы «5», 4 ұпай жинағандар – «4», 2-3 ұпай ғана иелене алған шәкірттерге «3» деген баға қойылады.

Мұғалім мінбері

А.АЙМАХАНОВА,

№1 орта мектеп-гимназиясы.

Ақмола облысы,

Көкшетау қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ

Тіл–халықтың жаны. Ата-бабамыздан сарқылмай сақталып келе жатқан мөлдір де тұнық ана тіліміз қашан да қымбат. Тіліміз арқылы елдігімізді, қазақи қадір-қасиетімізді айқындаймыз. Тіліміздің тереңдігі сонау ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жетіп, ұлтымыздың ұлылығын дәріптеп тұр. Тілімізде сан ғасырдың әлдиі, мұңы, жыр-дастаны жатыр. Сол тілден сусындаған ұрпақ бойында қазақи болмыс қалыптасып, өз елінің ұлтжанды тұлғасына айналып жатыр. Ендігі келер ұрпақтың сол тілдің сан ғасырлық қадір-қасиетін жоғалтпай, Мәңгілік елдің негізін қалай алар ма деген ойлы сұрақ толғандырады. Тіліміздің мәртебесі біртіндеп көтерілген шақта, өзге тілдердің арасында ойып тұрып орын алса деген ниетпен әрбір білім мекемесінде қызмет етіп келе жатқан педагог ізденіс үстінде. Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық

дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу үдерісінің ғылыми теорияға және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев көрсеткендей, Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекеттік тілдің оқытылу жағдайына көп көңіл бөлініп отыр. Осы тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланамыз.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев), әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде. Мұндай әдіс-

тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми-әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктер мол. Сондықтан түпкі нәтижені таңдаудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

Қазіргі заманның әлеуметтік экономикалық жағдайында оқушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін-өзі жан-жақты танып-білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған. Осыған орай оқушылардың білімін тереңдету мақсатында мектебімізде жаңа технологиялық бағдарламалар қосылуда.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаналыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны абзал. Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарымда қазіргі таңдағы

инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолданамын. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, т.б. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез келген сабағымда тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына көңіл бөлемін. Өйткені, бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Ғалымдар Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, т.б. осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған. Сабақ барысында қандай оқушы болмасын І деңгей тапсырмасын орындайды. Әрбір оқушы І деңгей тапсырмасын орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы. Деңгейлеп-саралап оқытудың тағы басты қажеттілігі-оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамыту.

Жеке тұлғаның қалыптасып, ой-өрісінің дамуы, белсенділігі, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс – тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді

ойдағыдай шешудің негізгі құралының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады. Деңгейлеп-саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», деп Әбу Насыр әл Фараби айтқан.

Осы орайда қазіргі қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны кейін практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі - қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылып жүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерін тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуін жетілдіреді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың

таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру. Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінің нәтижелі болуы: оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға қызықтыруына байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Сондықтан мұғалім сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс. Шығармашылық ізденіс қана мақсатқа жетуге жетелейді.

Ж.МЕНДІҒАЛИЕВА,
Г.ШОЛОШОВА,
№ 32 ЖОББМ
Орал қаласы

ҮШ ТІЛДІ МЕНГЕРУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Тіл – адам баласының басты қазынасы. Тіл – халықтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі, ұлтты танытатын басты белгі. Атақты жазушы Шыңғыс Айтматов айтқандай «Тіл - ұлттың тірегі». Адамзат мәдениетінің негізі - тілде. Кез келген ұлттың басты ерекшелігі – оның ана тілінде. Ұлттың жаны мен жүрегі, ары мен ұяты, қазынасы, атақ-абыройы тілге байланысты. Ана тілі - әр адамға ананың ақ сүтімен, әлдиімен, бесік жырымен сіңіп, даритын ұлы күш. Осы күшті сақтап, дамытып, танытатын да халық. Тіл жоғалса, ұлт та жоғалатыны белгілі. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Найзаның ұшымен, білектің күшімен бабаларымыз қорғаған еліміз тәуелсіздік алғалы тіліміздің де мәртебесі көтерілді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан 2050 - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге

тиіспіз» - дейді. Яғни, кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркендеуге мүмкіндік алады. Осы тұста біз, тіл үйретуші ұстаздар, елбасының ойымен толық келісеміз. Себебі, өз тәжірибемізге сүйенер болсақ, қазақ тілін өзге тілдермен салыстырып оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, тілді тез меңгеруіне септігін тигізері анық.

Бүгінгі ХХІ ғасыр техника заманы екені баршамызға аян. Техниканың, экономиканың тілі бұл - ағылшын тілі. Талай алпауыт елдердің мемлекеттік тіліне айналған ағылшын тілі бүгінде басты назарда. Ендеше, кез келген көзі ашық, көкірегі ояу азамат осы тілді жетік меңгергісі келеді. Еліміздің оқушылары да бұл тілді меңгеруге қызығушылық танытып отыр. Әр оқушы өз ана тілімен қоса мемлекеттік тілді және ағылшын тілін жетік меңгерсе, бұл нағыз болашағы жарқын, бәсекеге қабілетті тұлға бола алатыны сөзсіз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек» - деп, тіл үйренушілерге қолдау көрсетіп, мүмкіндіктер жасап отыр.

Үш тілде оқыту - заман талабы. Жас ұрпақтың өз қабілеттерін танытуда, білім әлемінде еркін самғауына мүмкіндік берер бірден-бір жол. Үш тұғырлы тіл – өмір қажеттілігі. Халқымыз: «Жеті түрлі білім біл, жеті жұрттың тілін біл» - деп бекер айтпаған. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесінде үш тілдің - мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін, экономика тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін көрсеткен еді. Ендеше, осы міндетті жүзеге асыруда әрбір қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс деп ойлаймыз.

«Тілі бірдің - тілегі бір» - демекші, ел бірлігінің негізі - тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парызымыз болып табылады. Жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы олардың елге, туған жерге деген сезімдерін ояту – басты міндетіміз. Үш тілді меңгеру - халықтар достығына, мемлекетаралық сыйластыққа тәрбиелер, әлемдік деңгейге көтерілудің бірден бір жолы. Ендеше, әлемдік деңгейге жету жолында тілді жан-жақты үйрету тіл үйретуші мұғалімдердің ұстаздық, азаматтық борышы екенін ұмытпағанымыз жөн.

Г.ДОШНИЯЗОВА,
 №1 орта мектеп.
 Ақтөбе облысы,
 Мұғалжар ауданы,
 Ембі қаласы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТИҢ "ҮРКЕР" РОМАНЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР БЕЙНЕСІ

| | | | |
|---------------------------------|--|---------|-----------|
| Мақсаты: | «Үркер» романындағы Әбілқайыр бейнесін ашу, Отанын құрметтеп, сыйлауға шақыру. | | |
| Күтілетін нәтиже: | Әбілқайыр бейнесін ашу арқылы өз пікірлерін дәлелдей біледі, жана технологияға сай жұмыстарды орындай білуге дағдыланады. | | |
| Түйінді идеялар (кілтті сөздер) | Оқушылар іс-әрекеттері арқылы ізденімпаздыққа жетеді. Оқушылар тақырыпты түсіну деңгейін анықтайды және өздіктерінен шешім қабылдайды. | | |
| Әдіс-тәсілдер | Диалог, мәтінді талдау, зерттеу, топтық жұмыс. | | |
| Сабак кезеңдері: | Сабак барысы | Бағалау | Ресурстар |

| | | |
|------------|---|--|
| 1. Кіріспе | <p>Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық. Стикерге романның бөлім аттарын жазып, бүктеп тарату, стикердің пішініне қарай тақтаға шығартып, стикерде жазылған (тығырық, елшілік, айқас) сөздердің мағынасын сабақтың тақырыбына сәйкес етіп ашу.</p> <p>Берілген сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Тығырық» дегенді қалай түсінесің? Одан кімдердің көмегі арқылы шыға алам деп ойлайсың? • «Елшілік» деген не? Елші болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы керек деп білесің? • «Айқас» сөзінің синонимін атаңыз. Бүгінгі сабаққа осы 3 сөздің қандай қатысы бар деп білесің? <p>Романның бөлімдерінің атауына сәйкес топқа бөлу («Тығырық» «Елшілік» «Айқас»)- 3 мин.</p> <p>Бағалау парағын тарату Үй жұмысын тексеру. 7 мин.</p> <p>«Тығырық» бөлімінің мазмұнын сұрақтар арқылы тексеру. - Қайып ханға келгенде Әбілқайыр ханның 13 жыл бұрынғы есіне түскен оқиға қандай еді?</p> | 11-сынып. «Қазак әдебиеті» оқулығы. |
|------------|---|--|

| | | | |
|-------------------|--|---|----------------------------------|
| | <p>- Сыбан Раптанға кімдер шабуыл жасады? Бұл жағдай қазақтарға қандай мүмкіндік туғызар еді?</p> <p>- Шайқас кезіндегі адам естімеген сұмдық жағдай.</p> <p>- Қазақтар неліктен жеңіліске ұшырады?</p> <p>- Әбілқайырдың өкініші айтылған жерді тауып оқыңыз.</p> | | |
| 2.Тұсау-кесер. | Әбілқайыр туралы тарихтан не білесіздер? 2 мин. | | хрестоматия |
| 3. Негізгі бөлім. | <p>I. Мағынаны тану. Мұғалім сөзі. Топтық жұмыс. 7 мин.</p> <p>1-топ: «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарының негізгі идеясына, мағынасына сипаттама беру.</p> <p>2-топ: Әбілқайыр тұлғасы көпқырлы, терең сырлы.</p> <p>3-топ: «Үркер» романындағы Әбілқайыр ханның ел басқарудағы тұлғасы. Сергіту сәті. Әбекен (Әбіш Кекілбаев) туралы естеліктер. 2 мин. Мәтінмен жұмыс. 6 мин.</p> <p>370-бет.</p> <p>1-топ. 1-абзац</p> <p>2-топ. 2-4 - абзац</p> <p>3-топ. 371-б, соңғы 2 абзац</p> <p>Тапсырма: Әбілқайырдың ойын оқып, жеке, жұптық, топтық талдау жасау.</p> <p>Шығармашылық тапсырма: 5 жолды өлең құра. 6 минут.</p> <p>I топ «Үркер» романы бойынша.</p> <p>II топ Әбілқайыр хан.</p> <p>III топ бүгінгі сабақ туралы.</p> | <p>Мадақтау, қолпаштау</p> <p>Критериалды бағалау</p> | <p>Әбілқайыр туралы суреттер</p> |

| | | | |
|---------------|--|--|--|
| 4. Қорытынды. | <p>III. Ой толғаныс. 5 минут.</p> <p>Бекіту сұрақтарын беру</p> <p>Үйге тапсырма: Әбіш Кекілбаев туралы тың деректер жинау. 1 минут.</p> <p>Оқушылардың бірін-бірі бағалауы. 2 минут.</p> <p>Мұғалімнің қорытынды бағасы. 2 минут.</p> | | |
| Рефлексия. | <p>Өз көңіл-күйіңді білдір. 2 мин.</p> <p><i>Біз бүгін оқып үйрендік.</i></p> <p><i>Біз жақсы жасай алдық.</i></p> <p><i>Топ өте жақсы жасай алды.</i></p> | | |

Қ.ХАИРМҰХАМБЕТОВ,
ЖББ Кузнецов негізгі мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы,
Тасқала ауданы

1917-1956 ЖЫЛДАРДАҒЫ **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ** (9-сынып)

Мақсаты:білімділік-оқушыларға 1917-1956 жылдардағы қазақ әдебиеті туралы түсінік беру; дамытушылық-оқушылардың талдау, тұжырым жасау, ой қорыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-әдебиетті сүйіп оқуға, әдебиет тарихын білуге, қазақ елінің патриоты бола білуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі емес.

Әдістері: сұрақ-жауап, түсіндіру,талдау, эссе, т.б.

Көрнекілігі: слайд, ақын-жазушылардың портреті, кеспе қағаздар, бейнефильм.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасып, сынып назарын сабаққа аударту. «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы бір-біріне сәттілік тілеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Сұлтанмахмұт Торайғыров қай жерде дүниеге келді? (СҚО.Уәлиханов ауданында туған)

2. Шешесінен қашан айырылған? (Ерте)

3. Кімнің тәрбиесінде болды? (Әжесінің)

4. Мұғалімдерінің есімдері? (Мұқан Әбдірахман, Торғай деген ауыл молдаларынан)

5. Махамбет Өтемісұлын өлтірген досының есімі? (Ықылас)

III. Қазақ халқын сауаттандыру, мәдениетін көтеру жолында өшпес мұра қалдырып кеткен ақындар. (Слайд көрсету.)

Сергіту сәті: Халық әні «Елім-ай».

IV. Тест тапсырмаларын орындау.

V. Жаңа сабақ.

1917-1956 жылдары қазақ әдебиеті қарқынды дамып, жаңа даму белесіне көтерілді. Негізгі бағыттарының бірі – революцияшыл бағыт болды. Революция, жаңа заман елге тәуелсіздік, бостандық әкеледі деп сенді. Осы дәуірдегі әдебиетті әдебиет зерттеуші ғалымдар былай жіктейді:

«Бірінші дәуір – 1917-1930 жылдар арасы (Ұлы Октябрь революциясы, азамат соғысы мен шаруашылықты қалпына келтіру жылдары).

Шығарма авторы: С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ж.Жабаев, С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ. Аманжолов, Ғ. Мүсірепов, Ғ.Мұстафин.

Шығарманың аты: «Шұғаның белгісі», «Ленинградтық өренім», «Өмір мектебі», «Абай жолы», «Қазақ солдаты», «Туған жер», «Көкшетау», «Қарағанды».

Екінші дәуір – 1930-1941 жылдар арасы елімізді индустрияландыру, колхоздастыру дәуірі.

Үшінші дәуір – 1941-1946 жылдар арасы (Ұлы Отан соғысы кезі); Төртінші дәуір – 1946 жылдан бергі, Отан соғысынан кейінгі кезі».

Бұл дәуірлерде қазақ әдебиеті кәсіби әдебиет ретінде әлемдік мәдениет деңгейіне жетіп, үлкен даму жолынан өтті.

VI. Алаш бейнефильмін көрсету. Шығармашылық жұмыс.

VII. «Азаттықты аңсаған ақындар» тақырыбына эссе жазу.

VIII. «Қазақ қасіреті» атты слайд көрсету

IX. Семантикалық карта.

X Бекіту

A) Қ.Аманжоловтың «Туған жер» өлеңінің 1 шумағына талдау жасау.

Шық/шы/ тау/ға, // қа/ра/шы /кең/ //да/ла/ңа, 11а

Мәз/ бо/ла/сың, // ұқ/сай/сың /жас // ба/ла/ға. 11а

Ол/ ше/ті мен/ //бұл/ ше/ті/не// жү/гір/сең, 11б

Шар/шай/сың/ ба, // кұ/ма/рың/ бір //қа/на ма?! 11а

(өлең 5 шумақты, 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды қара

өлең ұйқасына құрылған)
 XI. Салыстыру кестесі.

| | | |
|---------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------|
| XIX ғасыр әдебиетінің бағыттары | XX ғасырдың басындағы әдебиет бағыты | 1917-1956 ж.ж. әдебиеттің бағыты |
| | | |

XII. Қорытынды.

| Ақын ойы | Менің ойым |
|---|------------|
| <p>Шықпаса жаным денемнен, Не салса тағдыр көрем мен. Бір өзім үшін өлмеймін, Бір ғана соған көнем мен. Кеудеде әзір жүрек бар, Тілек бар! Соған сенем мен, Артымда қыруар елім бар, Өлсе де денем, мен өлмен. Ж.Аймауытов.</p> | |

XIII. Үй тапсырмасы.

1917-1956 жылдардағы әдебиет туралы қосымша ізденіп келу.

Шығармашылық жұмыс тапсыру (реферат жазу.)

XIV. ББҮ стратегиясы арқылы оқушыларды бағалау.

| | | |
|---------|----------|--------------|
| Білемін | Үйрендім | Білім келеді |
| | | |

Ш.СИДИКОВА,
№81 Ұлықбек атындағы
негізгі орта мектебі.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Сайрам ауданы,
 Қарабұлақ ауылы

Т.АЙБЕРГЕНОВТИҢ «КӨКТЕМ ӘУЕНДЕРІ» ӨЛЕҢІ

| | | | |
|-------------------------|---|--|--|
| Мақсаты | Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқуға үйрету. Туған ел табиғатымен таныстыру. Өлеңді түсініп оқуға дағдыланады. Өлеңнің негізгі идеясын, мазмұнын түсінеді. | | |
| Оқыту нәтижесі | | | |
| Дереккөздер: | Оқулық. 5-сынып. Автор: С.Ч.Тұрсынғалиева. Ақын портреті гүлдер суреті, қиынды қағаздар, А4, смайликтер, стикер, маркер. | | |
| Әдіс-тәсілдер: | «Миға шабуыл», «Айналма», «Сұрақ- жауап» әдістері, «Венн» диаграммасы», «Плюс-Минус-Қызығамын» кестесі. | | |
| Сабак кезеңдері | Уақыт | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
| Ұйымдастыру | 2 мин. | Балалар, айналамызда көңіл күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік. | Күлімдеп бүгін сіздермен, Сәлемдесіп алайық Қош келіпсіз бүгін сіз Әдеппен сізге қарайық Жылы, жылы жүзбенен Жүрегімді сыйлайын Ыстық алақаныммен Көршіммен амандасайын. |
| Топқа бөлу | 2 мин. | Оқушыларды 3 түрлі гүлдер суреті бойынша, топқа бөлемін. Топ көшбасшыларын анықтап алуын ескертемін. | Гүлдер суреті бойынша топқа бөлінеді. 1-топ: Бәйшешек. 2-топ: Қызғалдақ. 3-топ: Раушангүл. |
| Үй тапсырмасын пысықтау | 4 мин. | «Айналма» әдісін ұйымдастыру. | Үйге берілген тапсырманы оқушылар флипчартқа жазады. Топтар бір-біріне жазылған тапсырмаларын ұсынады. |

| | | | |
|------------------------------------|--------|---|--|
| Мағынаны тану: Білу: Түсіну: | 7 мин. | Т.Айбергенов жөнінде білетіндерін айтқызамын. Кітаппен жұмыс. Өлеңді мәнерлеп оқытамын. | Т.Айбергенов туралы айтады. Өлеңді оқып, мазмұнын талдайды, идеясын ашады. |
|------------------------------------|--------|---|--|

| | | | | | | | | | | |
|-----------------|--|---------|---|--|------------|--|-------------|--|-----------------|--|
| | Қолдану: | 10мин. | Өлеңге сатылай кешенді талдау жасатамын. | 1-т: өлеңдегі теңеуді тауып анықтамасын айтады. 2-т: өлеңнің бірінші шумағындағы көктемнің қалай суреттелгенін ашады. 3-т: екінші шумағындағы соңғы екі жолда таудың, гүлдің қалай суреттелгенін айтады. (Ақын сөзімен) | | | | | | |
| | Сергіту сәті: | 2 мин. | «Наурыз» бiн орындату, көңiл күйлерiн көтеремiн | Қимылдарды қайталайды. | | | | | | |
| | Талдау: | 10 мин. | «Венн диаграммасы» арқылы «Көктем әуендері» өлеңін және Абайдың «Жазғытұры» өлеңімен салыстыруға бағыт беремін. | «Жазғытұры», «Көктем әуендері» өлеңдерін салыстырады. | | | | | | |
| Қорытынды | Кері байланыс: | 3мин. | «Плюс -Минус-Қызығамын» кестесі. Оқушыларға жекелей төмендегі кестені толтыртып, талқылатып, қорытынды жасатамын. | <table border="1"> <tr> <td>«Плюс» (+)</td> <td>Сабакта қызық болған, пайдалы болар деп ұйғарылған мәселелер мен жайттар жазылады.</td> </tr> <tr> <td>«Минус» (-)</td> <td>Сабакта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ шамалы болды деп ұйғарылған мәселелер мен жайттар жазылады.</td> </tr> <tr> <td>«Қызығамын» (?)</td> <td>«Не білгім келеді?» немесе «Бұл мен үшін қызық бола ма?» деген сұрақтарға жауап келтіру.</td> </tr> </table> | «Плюс» (+) | Сабакта қызық болған, пайдалы болар деп ұйғарылған мәселелер мен жайттар жазылады. | «Минус» (-) | Сабакта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ шамалы болды деп ұйғарылған мәселелер мен жайттар жазылады. | «Қызығамын» (?) | «Не білгім келеді?» немесе «Бұл мен үшін қызық бола ма?» деген сұрақтарға жауап келтіру. |
| «Плюс» (+) | Сабакта қызық болған, пайдалы болар деп ұйғарылған мәселелер мен жайттар жазылады. | | | | | | | | | |
| «Минус» (-) | Сабакта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ шамалы болды деп ұйғарылған мәселелер мен жайттар жазылады. | | | | | | | | | |
| «Қызығамын» (?) | «Не білгім келеді?» немесе «Бұл мен үшін қызық бола ма?» деген сұрақтарға жауап келтіру. | | | | | | | | | |
| | Бағалау: | 3 мин. | Қалыптас-тырушы бағалау | Өзін-өзі бағалау. | | | | | | |

Р.ӘЛІМ,
Дарынды балаларға арналған
қазақ-түрік лицей интернаты.
Қостанай қаласы

БІРЖАН САЛ-ҚАЗАҚ ӘН-ЖЫРЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

| | | | |
|------------------|---|--|--|
| Жалпы мақсаты | Біржан салдың өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет алады. Тіл, сөздік қорлары дамиды, сабаққа деген қызығушылығы артады. | | |
| Сілтеме | Білім стандарты, пән бағдарламасы. Қазақ әдебиеті, Алматы. Мектеп. 2013. Т.Ақшолоқов, Т.Жұмажанова, С.Дүйсенбаев. Интернет желісі. | | |
| Күтілетін нәтиже | -шағын топтарда жұмыс істеу арқылы бірін-бірі оқытуын қалыптастыру; -тапсырмаларды орындау, біліміне сүйену. -өз бетімен білім алушылық қабілетін қалыптастыру. -сыни ойлау арқылы терең білім алу қабілетін дамыту. | | |
| Негізгі идеялар | Біржан сал-қазақ ән-жырының шамшырағы екенін түсінеді. | | |
| Дерек-көздері | ғаламтор деректері, сайттары, ресурстары, аудиожазба, Біржан сал фильмі. | | |
| Уақыты | Жоспар мазмұны | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті |
| 2 минут | 1. Ұйымдастыру бөлімі. Шаттық шеңбері тренингі Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. «Мен қандаймын?» тренингін өткізу. Топқа бөлу. Сабакқа мақсат қойғызу. | Сыныппен сәлемдесу. Қағаз киындылары арқылы 2 топқа отырғызу. | Мұғаліммен сәлемдесу. Топқа бөлінеді. Міндеттерін анықтайды. Сабакқа мақсат қояды. |
| 1 минут | | | |
| 2 минут | | | |
| 5 минут | 2. Сабакқа кіріспе. Қызығушылықты ояту. Бейнежазба көрсету. Сұрақ-жауап: Бейнежазбадан не көрдіңіз? | Тыңдайды Бақылайды Бағыттайды | Оқушылар көргендерін, өз ойларын айтады. |

| | | | |
|----------------------------|--|--|--|
| 5 мин. 10 мин. 3мин. | 3. Негізгі бөлім. Мәтінмен жұмыс. Біржан салдың өмірі және өскен ортасы оқу, топта талқылау, мағынасын ашу, постер дайындау. | Тыңдайды Бақылайды Бағыттайды | Бірлескен жұмыс барысында оқушының білім алуға ынтасы артады, білім алуға әрекеттенеді. Мәтінді талдау барысында өз тобымен ұйымдасып, пікірлесіп, ең ұтымды жауапты іздейді. |
| 5 мин. | 4. Бекіту. Шығармашылық жұмыс. | Бағыттайды Ойландырады Тыңдайды Салыстырады | Тақырыпқа сай оқушы өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады. Өз ойын еркін жеткізеді. Сөздік қоры дамиды. |
| 5 мин. | 5. Қорытындылау Өрмекші әдісі 1. Не үйрендің? 2. Бүгінгі сабақтан өзіңе не алдың? 3. Біржан кім? Қандай адам? 4. Біржанды оқи отырып, не түйдің? | | Сұрақтар қояды |
| 5 мин. | 6. Бағалау. Өлшемдер бойынша топ басшысы бағалайды. | Тыңдайды Бағалайды | Диалогтік қатынасқа түседі. Бағалауға қатысады. Өз пікірін айтады. Өз жұмысына талдау жасайды. |
| 2 мин. | Үйге тапсырма беру. Біржан өлеңін жаттау. | Үй жұмысының орындалуын түсіндіреді. | Жазып алады. |

Л.ШЫРДАБАЕВА.
Қ.Жазықов атындағы орта мектеп.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Кемерші ауылы

С.ДӨНЕНТАЕВ. «БОЗТОРҒАЙ»

| | | | |
|--|--|---|-----------|
| Жалпы мақсаты | | С.Дөнентаевтың «Бозторғай» өлеңінің негізгі идеясын түсіндіру, мәтінді мәнерлеп оқуға, өзіндік талдау жасауға, кейіпкерлерге мінездеме беруге, сыни ойлауға, шығармашылыққа баулу. | |
| Оқу нәтижесі | | Өлең мазмұнымен толық танысады, идеясын түсінеді, кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, олардың бойындағы қасиеттерін анықтай алады, топта жұмыс жасайды, белсенділігі артады, өзіндік дәлел, уәждерін айтады. | |
| Түйінді идея: | | | |
| уақыты | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурс |
| 1 минут | «Біз қандаймыз» ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. | Мұғалім қойған сұрақтарға бір мезгілде жауап беріп, өздерінің сабаққа ынтасын білдіреді. | |
| 3минут | Стикердегі «Сан сауал» әдісі арқылы өтілген материалға шолу жасау. | Ортаға шыққан оқушыға жасырылған сөзге өтілген материал бойынша дәлелдемелер келтіре отырып, шешуін табуға көмектеседі, бірге табады. | Стикерлер |
| 1минут | Қыран, қырғи, тұрымтай, бозторғай суреттері арқылы топқа бөлініп отырады. | Оқушылар өздері таңдаған сурет арқылы топқа бөлініп отырады. Суреттер. | |
| 1минут | 1 минут. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. «Бозторғай» өлеңі, өлеңдегі қиянат пен әділетсіздік туралы болмақ. | | Слайд |
| Бағалау үшін табыс өлшемдерін дайындап әкеледі | | Топ басшылары өз тобындағы оқушыларды бағалап отырады «+» «-» | |

Ф.ӘБДІРОВА,
№ 25 орта мектебі.
 Қызылорда облысы,
 Қазалы ауданы,
 Қожабақы ауылы

ЖАҢА СӨЗДЕР

| | | | |
|----------|--|---|----------------------------|
| 5 минут | Оқулықпен жұмыс. «Стоп-кадр» тізбектеп оқыту әдісі арқылы мәнерлеп оқуды ұсынады. | Оқушылар мұғалім нұсқауымен өлеңді мәнерлеп оқып шығады. | Оқулық |
| 2 минут | Сөздікпен жұмыс. Өлеңдегі мағынасы түсініксіз сөздерді таныстыру таяныш - сүйеніш болу Томар - ағаштың түбірі пақыр - сорлы, байғұс Мәңгі - ақымақ, мәңгірт Бекзат еді - төре, аксүйек, сырбаз Ақтық көрмей - ақиқат көрмей | Мағынасы қиын сөздерге мұғалім көмегі арқылы түсінік жүргізу. | Оқулық слайд |
| 10 минут | «Ойлан, бірік, бөліс» әдісі арқылы өлеңнің мазмұнын ашуды ұсынамын. 1. Баяндаушы топ | Өлеңнің жалпы мазмұнын түсіндіреді. Өлеңдегі кейіпкерлерге жан-жақты мінездеме береді, шынайы өмірдегі адамдардың әрекетімен байланыстырады. | |
| 4 минут | 2. Зерттеуші топ. | Өлеңдегі оқиға желісі бойынша әр кезеңге мақал- мәтел арқылы талдау жасайды. | |
| 4 минут | 3. Сілтемелер табушы топ. | Өлеңдегі оқиға желісін шынайы өмірмен байланыстырады. | |
| 4 минут | 4. Дәнекер тобы. | Әр топтың жұмысынан кейін басқа топтар қол сигналдары арқылы формативті бағалау жүргізіп отырады. | |
| 1 минут | Сергіту сәті | Музыка жіберу Құстардың дыбысын салу арқылы | Слайд, музыка |
| 2 минут | «Аралға саяхат» арқылы кері байланыс орнату | Оқушылар сабақтан алған әсерлерін аралға кемелерін орналастыру арқылы білдіреді. | Аралдар бейнеленген плакат |
| 1 минут | Бағалау | Топ басшылары оқушылардың сабаққа қатысымын алдарына берілген табыс өлшемдері арқылы белгілеп, оны тақтадағы плакатқа түсіреді. | |
| | Үйге тапсырма «Шебер жазушылық» әдісі арқылы өлеңнен алған әсерлерін, қиянатшылдық пен әділеттілік туралы ой толғау жазады. | Әдеби тілмен ой толғау жазып келеді. | |

Әдебиеттер:

- 1 Рыскелдиева Г., Тұрсынғалиева С. «Қазақ әдебиеті» оқулығы. «Арман ПВ» баспасы. 2015.
- 2 Жақсылықова Қ. Тренингтік ойындар мен жаттығулар. -Алматы. 2014.

| | | | | | |
|-----------------------|--|--|--------|---------|------------------------|
| Максаты | Қазақ тіліндегі жаңа сөздерді меңгерту | | | | |
| Жұмыс нәтижесі | Жаңа сөздер туралы ұғым алады. | | | | |
| Сілтеме | 5-сынып. Қазақ тілі. «Атамұра» 2015. | | | | |
| Негізгі идеясы | Жаңа сөздердің басқа сөздерден ерекшелігін меңгерту | | | | |
| Ресурстар | А-4 форматты қағаз, маркер, кестелер, оқулық, рефлексия парақтары. | | | | |
| Қолданылған модульдер | Сын тұрғысынан ойлауға үйрету. Диалогтік оқыту. Оқу үшін бағалау. Жас ерекшеліктеріне сай оқыту. | | | | |
| Сабақтың өтілу уақыты | 45 минут | | | | |
| Сабақтың жоспары | Ұйымдастыру: сәлемдесу. I топ «Әкім», II топ «Ғарышкер», III топ «Жолсерік» | | | | |
| Үйге тапсырма | Жаңа сөздер. 169-жаттығу. | | | | |
| Сабақтың барысы | | | | | |
| Ойлау деңгейлері | Мақсат | Тапсырма түрі. Түрткілер. | Нәтиже | Бағалау | |
| Білу | Жаңа сөздер туралы ұғымдарын байқау | Сұрақ: 1. Қандай жаңа сөздерді білеміз? Сәйкестікті іздеу. | | | |
| | | I топ | | | |
| | | Тұрақты тіркестер | | | Қалқан |
| | | Көне сөздер | | | Шешінен судан тайынбас |
| | | Мақал – мәтелдер | | | әуежай |
| | | Жаңа сөздер | | | Айы оңынан туды |
| | | II топ | | | |
| | | Тұрақты тіркестер | | | Ел іші алтын бесік |
| | | Көне сөздер | | | жарнама |
| | | Мақал-мәтелдер | | | Кой аузынан шөп алмас |
| Жаңа сөздер | Қызыл отау | | | | |

Ә.ҚОЛДАШЕВА,
Тоқаш Бердияров атындағы
№127 жалпы орта мектебі,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сарыағаш ауданы,
Ұшқын ауылы

АШЫҚ ЖӘНЕ ҚЫСАҢ ДАУЫСТЫЛАР

Мақсаты: білімділік-оқушыларға ашық және қысаң дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын түсіндіру, ашық, қысаң дауыстыларды ажырата білу дағдысын қалыптастыру; дамытушылық-оқушылардың дауысты дыбыстар туралы білімдерін дамыта отырып, өзіндік ойлау дәрежесін арттыру, мәнерлі сөйлеп, сауатты жазуға баулу; тәрбиелік-талдауға алынған мысалдар, нақыл сөздер арқылы оқушыларды адамгершілікке, ұқыптылыққа, туған жерін, елін сүйуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді меңгерту сабағы.

Әдісі: сұрақ-жауап, ойшақыру, түсіндіру, оқулықпен жұмыс, талдау, деңгейлік тапсымалар, шығармашылық.

Сабақтың көрнекілігі: кесте-сызба, үлестірмелі қағаздар, суреттер.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, түгелдеу.
Оқушы назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру, қорытындылау.

| | | | | | | | | | | | | |
|---|--|--|--|--------------------|---|-------------------------|---|-------------------|-------------|-------------------------------------|--------------------------------------|--|
| | | III топ <table border="1"> <tr> <td>Тұрақты тіркестер</td> <td>отбасы</td> </tr> <tr> <td>Көне сөздер</td> <td>Қас пен көздің арасында</td> </tr> <tr> <td>Мақал-мәтелдер</td> <td>Ұрын бару</td> </tr> <tr> <td>Жаңа сөздер</td> <td>Тіл қаруы – сөз, Сөз қаруы – ой.</td> </tr> </table> | Тұрақты тіркестер | отбасы | Көне сөздер | Қас пен көздің арасында | Мақал-мәтелдер | Ұрын бару | Жаңа сөздер | Тіл қаруы – сөз, Сөз қаруы – ой. | Жаңа сөздер туралы ұғым қалыпта-сады | |
| Тұрақты тіркестер | отбасы | | | | | | | | | | | |
| Көне сөздер | Қас пен көздің арасында | | | | | | | | | | | |
| Мақал-мәтелдер | Ұрын бару | | | | | | | | | | | |
| Жаңа сөздер | Тіл қаруы – сөз, Сөз қаруы – ой. | | | | | | | | | | | |
| Түсіну | Жаңа сөздердің өзіндік ерекше-лігін ұғындыру | Тапсырма: түсініп оқу, топта талқылау. Тақырып: «Жаңа сөздер». Топтардан бір оқушы ортада тақырыпты ашады. | Жаңа сөздер туралы түсінік алады. | Бас бармақ арқылы | | | | | | | | |
| Қолдану | Жаңа сөздер туралы түсінік деңгей-лерін байқау | Тапсырма: «Дұрыс?» <table border="1"> <tr> <td>Ұйғарымдар</td> <td>Дұрыс?/ Дұрыс емес</td> </tr> <tr> <td> 1. Жаңа сөздердің тууына үш түрлі себебі бар. 2. Парк, станция, музей – сөздері қазіргі кезде жаңа сөз болудан қалған. 3. Неологизмдер дегеніміз көнерген сөздер. 4. Жасуша, кесене, әуежай – көнерген сөздерге жатады. 5. Сөздік қорға жаңадан енген сөздер жаңа сөздер деп аталады. </td> <td></td> </tr> </table> | Ұйғарымдар | Дұрыс?/ Дұрыс емес | 1. Жаңа сөздердің тууына үш түрлі себебі бар. 2. Парк, станция, музей – сөздері қазіргі кезде жаңа сөз болудан қалған. 3. Неологизмдер дегеніміз көнерген сөздер. 4. Жасуша, кесене, әуежай – көнерген сөздерге жатады. 5. Сөздік қорға жаңадан енген сөздер жаңа сөздер деп аталады. | | Жаңа сөздер туралы толық түсінік қалыпта-сады | Бағдар-шам арқылы | | | | |
| Ұйғарымдар | Дұрыс?/ Дұрыс емес | | | | | | | | | | | |
| 1. Жаңа сөздердің тууына үш түрлі себебі бар. 2. Парк, станция, музей – сөздері қазіргі кезде жаңа сөз болудан қалған. 3. Неологизмдер дегеніміз көнерген сөздер. 4. Жасуша, кесене, әуежай – көнерген сөздерге жатады. 5. Сөздік қорға жаңадан енген сөздер жаңа сөздер деп аталады. | | | | | | | | | | | | |
| Талдау | Сөздерге талдау жасай білуге үйрету. | Тапсырма: Жаттығулар орындау. 165, 166-жаттығулар. 165-жаттығу. I топ оқу құралдарына байланысты жаңа сөздер жазады. II топ компьютерге байланысты жаңа сөздер жазады. III топ көкөністерге байланысты жаңа сөздер жазады. 166-жаттығу. <i>Шаруа қожалық, кәсіпкер, жеке шаруашылық серіктестік.</i> | Сөздерге талдау жасай алады. | | | | | | | | | |
| Жинақтау | Жаңа сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. | Тапсырма: Әр топ өз аттарына қатысты жаңа сөздерді қолдана отырып мәтін құрайды. I топ «Әкім», II топ «Ғарышкер», III топ «Жолсерік». | Жаңа сөздерді орынды жерде дұрыс қолдана біледі. | Бас бармақ арқылы | | | | | | | | |
| Бағалау | Ұғым-дарын тиянақтау Тапсырма: | Тапсырма: Сөздердің жаңа атауларын жазу. I топ класс, гимн, паспорт, капуста, остановка. II топ самолет, семья, организм, пенсия, помидор. III топ документ, космос, герб, адрес, музей. | Тиянақты ұғым қалып-тасады. | | | | | | | | | |

242-жаттығу, 106-бет. Сыныптағы әр оқушыға бір-бір сөйлемнен оқытып, сұрақтар арқылы теориялық білімдерін пысықтау.

1. Фонетика дегеніміз не?
2. Тіл дыбыстары нешеге бөлінеді?
3. Сөйлеу мүшелерін атаңыз?
4. Дауысты дыбыстар дегеніміз не? Атаңыз.
5. Жуан, жіңішке дауыстылар қалай жасалады?

Атаңыз.

6. Қазақ тілінің төл дауысты дыбыстары нешеу? Атаңыз.

7. Қазақтың төл сөздеріндегі дауысты дыбыстар қандай заңға бағынады?

8. Бірыңғай жуан дауысты сөздерге 5 сөз, жіңішке дауысты сөздерге 5 сөз жаз. (бақыт, ғалым, білім, теңіз)

Ой шақыру. Сандарды әліпби қатарындағы орнымен ауыстырыңыз.

- 1, 2, 20, 21, 8, 40 – а, ә, о, ө, е, э.
- 37, 38, 12, 26, 27, 28 – ы, і, и, у, ұ, ү.

III. Жаңа түсінік қалыптастыру.

Түсіндіру (сызба-кесте арқылы).

| | | | |
|-----------------------|-------|------------------------------------|-------------------|
| Жақтың қатысына қарай | Ашық | Жақтың кең ашылуы арқылы жасалады. | а, ә, о, ө, е, э. |
| | Қысаң | Жақтың тар ашылуы арқылы жасалады. | ы, і, и, у, ұ, ү. |

IV. Искерлік дағдыны қалыптастыру.

1. Оқулықпен жұмыс.

244-жаттығу. Мәтінді түсініп, оқындар. Мәтіннен көнерген сөздерді тап және ашық дауыстылардың астын бір, жіңішке дауысты дыбыстардың астын

екі сызындар.

Уәзір, тақсыр, әмір, тақ.

2. 245-жаттығу. Мына жұмбақтардың шешуі қай дыбыс? Дауыстылардың қайсысына жатады? Өздерің осы тәрізді жұмбақ, өлең шығарып көріңдер.

Көкте бар,

Жерде жоқ.

Көзде бар,

Қолда жоқ. (Ө)

Қозы да бар,

Тай да жоқ.

Қойда бар,

Түйеде жоқ. (О)

3. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойыңыз.

Талантан да б..л..м мен өнер үйрен,

Б..л..мс..з, өнерс..з болады ақ..л тұл.

(Ш.Құдайбердіұлы)

Қойылған дыбыстар ашық па, қысаң ба?

4. «Кім жылдам» ойыны.

Ә дыбысынан басталатын 10 сөз ойлап жаз.

Ашық дауыстының астын бір, қысаң дауыстының астын екі сызықпен сызып көрсетіңіз.

5. Мақалдың жалғасын тауып, туған жер сөзіне фонетикалық талдау жаса.

Туған жердей ... (жер болмас).

Туған елдей(ел болмас).

Оқусыз білім жоқ.


Білімсіз ...(күнің жоқ).

6. Сурет бойынша шағын әңгіме құрап жазып, бірыңғай ашық дауысты және бірыңғай қысаң дауысты сөздердің астын сыз.

V. Қорытынды.

1. Ашық және қысаң дауыстыларға анықтама беріңіз.

VI. Топтастыру стратегиясы.



VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма. Мәтінді оқып, 346-жаттығу, ашық, қысаң дауыстыларды теріп жазу, сол дыбыстан басталатын жақсы қасиеттерді жазу.

| Үлгі: Ашық дауысты | Қысаң дауысты |
|---------------------------------------|---|
| е, а, о | і, ы, ү, ұ, и |
| еңбексүйгіш, отансүйгіш, ақылды | ізеттілік ынталы, үлгілі, ұйымшыл, инабатты |

Б.ҚҰБАЕВА,

Қ.Сағырбаев атындағы жалпы орта
білім беретін мектеп-балабақшасы.

Батыс Қазақстан облысы,

Бөкей ордасы ауданы,

Саралжын ауылы

БУЫН ҮНДЕСТІГІНЕ БАҒЫНБАЙТЫН ҚОСЫМШАЛАР

Мақсаты: білімділік – буын үндестігі туралы түсініктерін, көзқарастарын қалыптастырып, анықтамасын еркін игерту, өз бетінше нақты дәлелдер келтіріп, мысал айтқыза білу, бағынбайтын қосымшаларды даралап айтқызу; дамытушылық – жауапты тез таптырып, тапқырлыққа дағдыландыру, жаттығу жұмыстары мен тапсырмалар арқылы мағынаны таныту, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тәрбиелік – тіл дамыту жұмыстарын жүйелі әрі қызықты етіп ұйымдастырудың тиімділігін сезіндіру, ізденімпаздыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Типі: жаңа материалды меңгерту сабағы.

Әдісі: топтық жұмыс, СТО стратегиялары (өрмекші торы, конверт-сұрақ, жүгірмелі диктант).

Көрнекілігі: конверттер, үлестірмелі қағаздар, топтық ереже мен бағалау парағы жазылған плакаттар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгелдеу, оқу

құралдарын даярлау, сабаққа назарларын аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

«Өрмекші торы» әдісі арқылы оқушылардың алған білімдері тиянақталады әрі тексеріледі.

III. Қызығушылықты ояту сатысы.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Р | С | І | П | Л | Н | Ә | Ә |
| О | | | | | | | А |
| М | | | | | | | М |
| Г | | | | | | | Е |
| Е | | | | | | | Р |
| Ә | Б | Е | І | Г | А | З | С |

- Балалар, қане, кім тапты? Қандай сөйлем шықты?

- Сөздердің буындарынан қандай өзгешелік байқап тұрсындар?

Ендеше, бүгінгі сабағымызда «буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалармен» танысамыз.

Сабақ басталмас бұрын оқушылар кәмпиттер таңдау арқылы топқа бөлінеді.

IV. Жаңа сабақ.

* Өз беттерімен оқуға оқулықтың 136, 137-беттердегі ережелер беріледі.

* «Конверт-сұрақ» әдісі бойынша әр топ 3 сұрақтан дайындап, келесі топтарға ұсынады.

V. Түсінігін тексеру. «Кітап – білім бұлағы».

317-жаттығу.

• Мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп оқындар.

• Қарамен жазылған сөйлемдердің ішінен буын үндестігіне бағынбай тұрған сөздерді теріп жазу.

• 2 сөзге математикалық талдау жасау.

Шығармашылық тапсырма. «Сөздер сөйлейді».

Берілген сөздерге буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды жалғап, сөйлем құрап жазындар.

I топқа: сән, бал, саясат.

II топқа: өнер, арба, ем.

III топқа: жұмыс, әке, зиян.

IV топқа: дала, дін, жұмабай.

Үлестірмелі қағаздармен жұмыс. «Сөзден сөйлем құра».

1) Телескоп, көмегі, жұлдыз, көрін;

2) Ғарыш, ашылма, сыры, қызық;

3) Плутон, «ергежейлі планета», деп, ата;

Мәтінмен жұмыс.

Мәтінді оқып, жуан сөздерді бір бағанға, жіңішке сөздерді екінші бағанға, аралас буынды сөздерді үшінші бағанға жаз.

1) Ғаламшар — өздігінен жарық шығармайтын, жұлдызды айнала қозғалатын, орталық жарық көзімен салыстырғандағы массасы шағын аспан денесі. Күн жүйесінде 9 үлкен планета, 43 планета серіктері, бірнеше ондаған мың кіші планеталар (астероидтар) белгілі.

2) Асыл кездік қап түбінде жата ма! Жеті жылда жер айналып, аман-есен үйірге қосылды. Құр оралған жоқ, құраулап жылқы айдап оралды. Өз малымыз десек те, айдаған жаудың алдында, ысқырған боранында кетіп еді. Ең үлкен олжа-адамның басы, жанымызға жан, басымызға бас қосылды. Тайдың тұлпар болмағы-

атбегіден, құстың сұңқар болмағы-құсбегіден. Ұлдың ұлан болуы ұлысынан.

«Сергіту сәті».

VI. Сабақты бекіту.

Жүгірмелі диктант: Серікұлы, Мәлікқызы, Мүсіреп, таңертен, зейнеткер, атамекен, әдеп, Ботагөз, дәстүр, Жүсіпбек, Амангелді, Алтын, жезкиік, емхана, Теміртау, егемендік, жеңіс, дәріхана, мектеп.

VII. Сабақты қорытындылау.

Бағалау. Оқушылар сабақ барысында орындалған тапсырмаларға жауап берулеріне байланысты өздеріне-өзі бағалайды.

Үйге тапсырма. 320-жаттығу. Буын үндестігіне бағынбайтын қазақ тілі терминдерінің атауын жазып келу.

1-тапсырма:

Төмендегі сөздердің түбірі мен қосымшасын айырып, бір-біріне әсер ететін дыбыстардың алдыңғысының астын – бір рет, кейінгісінің астын – екі рет сызып, сөйлем құраңдар.

Ұрпақтың, өкілі, жеңістер, дәуірде, бақытпен, өмірім, қызғалдақтай, сабаққа, шырағың, Қазанғап, сенбе, шашбау;

1-тапсырма:

Әрқайсысының аты екі бітеу буыннан ғана құралған құстардың атын кім тез тауып берсе, сол озады.

Торғай, бүркіт, қызғыш, кептер, сұңқар, ...

3-тапсырма: «Ойна да, ойла!?»

1. Бірінші буыны –жіңішке, езулік,

Екінші буыны –есімдік,

Тұтасынан алғанда,

Ол ағаш –тым берік?! (емен)

2. Бір ақынның атында,

Он екі әріп төрт буын,

Мұны табайық кәнеки!?

С.АҚТҰРСЫНОВА,
Жаңақоныс орта мектебі.

Ақтөбе облысы,

Шалқар ауданы

ОҚУШЫЛАРМЕН ТИІМДІ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

| | | | | |
|-----------------------|--|--|---|--|
| Коучингтің мақсаты | Мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның сыныптау әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау. Оқушылардың көңіл – күйіне, сабақтағы іс - әрекетке, оқу материалдарына рефлексия жасау жолдарын жоспарлауды үйрету. | | | |
| Күтілетін нәтиже | Мұғалімдер сабақтағы кері байланыс жайлы, оның сыныптау әдістері жайлы мәліметтермен таныс болады. Кері байланыстың мәнін, оның түрлерін түсінеді. Оқушылардың көңіл – күйіне, оқу материалдарына қалай кері байланыс жасау керектігін біледі. | | | |
| Ресурстар | Маркер, плакат, ақпараттық технологиялар, бейнекөрсеткіштер, түрлі смайликтер, суреттер. | | | |
| Сабақ барысы | Қызығушылығын ояту, мағынаны ашу, ой -толғаныс | | | |
| Сабақ кезеңдері | Әдіс-тәсілдері | Коучингтің іс-әрекеттері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Күтілетін нәтиже |
| I. Қызығушылықты ояту | Тренинг 3 минут | Мұғалімдер шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына қағаз бен қалам беріп, қағазды төбесіне қою арқылы сурет салуға нұсқау береді. | Мұғалімдер шеңбер бойымен тұрады. Қолдарына қағаз бен қалам алып, қағазды төбесіне қойып, мұғалімнің нұсқауымен сурет салады және бір-біріне сыйлыққа береді. | Бір - бірімен жақынырақ танысып, ынтымақтастық пайда болады. |
| | Топқа бөлу. 2 минут Ассоциация 5 минут | Түрлі көңіл-күйді білдіретін смайликтер арқылы топқа бөлу, бүгінгі сабаққа қандай қатысы бар екенін анықтату I топ II топ III топ | Қолдарындағы смайликтердің көңіл-күйіне қарай топқа бөлінеді. | Топқа бөліну арқылы бүгінгі тақырыпты анықтайды. |

| | | | | |
|--|---|---|--|---|
| | | <p>Суретте көңіл-күйдің 3 түріне байланысты смайликтер берілген. Осы смайликтерді не үшін және қашан пайдаланамыз?</p> <p>- Сабақтағы кері байланыс немесе рефлексия деген не?</p> <p>- Кері байланыстың (рефлексияның) мақсаты не?</p> <p>- Кері байланыстың қандай түрлерін білесіздер?</p> <p>- Қандай әдіс-тәсілдері бар?</p> <p>Мұғалімдердің алғашқы түсініктерін тексеру үшін «кері байланыс» сөзіне ассоциация құрғызу.</p> | <p>Қатысушылар кері байланыстың қажеттілігі, түрлері жайлы бір-бірімен ойларын бөліседі.</p> | <p>Бұрыннан бар білімдерін өзектендіреді.</p> |
| <p>Слайдпен жұмыс. Сабақтағы кері байланыс 5 минут</p> | <p>Слайд бойынша кері байланыстың сыныпталуын көрсетеді.</p> <p>1. Көңіл-күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыстың әдіс-тәсілдері: Көңіл-күйдің алуандығын білдіретін әр түрлі суреттер, түрлі-түсті карточкалар, бет әлпетті бейнелейтін карточкалар, смайликтер, көңіл-күйді бояу түстерімен анықтау. ауа райы бағдаршам т.с.с</p> <p>Мысалы: «Алма ағашы» әдісі. Оқушыларға сабақ басында екі түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алмамен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл-күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алмамен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ.</p> <p>Немесе «Бір сөзбен» әдісі.</p> <p>-Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап айтады.</p> <p>Төзімділік, Ашу, Қуаныш, Немқу-райлылық, Қанағаттану, Шабыт, Зерігу, Аландау, Тыныштық, Сенімділік, Сенімсіздік, Рахаттану.</p> <p>2. Сабақтағы іс-әрекетке кері байланыс.</p> <p>Мысалы, «Табыс сатысы» әдісі. Кәдімгі сатының суреті, сатының 1-баспалдағы *Мен.....БІЛЕМІН*, 2-баспалдағы *мен..... ТҮСІНЕМІН*, 3-баспалдағы *Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН* Таңдау әдісі.</p> <p>1. Мен сабақ қызықты/қызықсыз болды деп ойлаймын.</p> <p>2. Мен сабақта көп нәрсені үйрендім/үйренгенім аз болды.</p> <p>3. Мен басқаларды мұқият/зейінсіз тыңдадым.</p> <p>4. Мен пікірсайыстарға жиі/сирек қатыстым.</p> <p>5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын/риза емеспін.</p> | <p>Ақпаратты өз бетінше ұғынуға және меңгеруге бағытталады.</p> | <p>Кері байланыс, оның классификациясы оны қолдану жолдары туралы түсінеді.</p> | |

| | | | | |
|-------------|--|---|---|--|
| | | <p>Бұл карточканы таратып бергенде оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына + белгісін қою тапсырылады.</p> <p>3. Оқу материалының мазмұнының рефлексиясы кері байланыс</p> <p>-Аяқталмаған сөйлем әдісі; тезистер теру; афоризм таңдау</p> <p>-Бұрын мен білмеуші едім... Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру.</p> <p>-Синквейн әдісі, оқушының оқып отырған тақырыпқа қатысты іс-әрекетін анықтауға бұрынғы білім мен жаңаны түсінудің арақатынасын жалғастыруға мүмкіндік береді. Мысалы: Аяқталмаған сөйлемдер, Бүгін мен білім қызықты болды қиын болды. тапсырманы мен орындадым екенім түсіндім. Мен енді білемін. Мен сезіндім Мен білім алдым. Мен үйрендім. Менің қолымнан келді. Мен жасай алдым. Мен жасап көруге тапшынамын. Мені таң қалдырды. Сабақ менің өміріме берді. Менің жасағым келді. Плюс минус, қызықты.</p> <p>Плюс - он әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады</p> <p>Минус - қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады.</p> <p>Қызықты - деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады, немесе не жайында көбірек білгісі келеді, соны жазады.</p> <p>5 саусақ әдісі</p> <p>-Бас бармақ - мен үшін бүгінгі сабақ маңызды және қызықты болды.</p> <p>-Сұр саусақ- осы сұрақ бойынша мен өзіме қажетті мәлімет алдым.</p> <p>-Ортаңғы саусақ-бұл маған қиынға соқты, маған ұнамады.</p> <p>-Шылдырлы саусақ - менің психологиялық ортаны бағалауым.</p> <p>-Кішкене саусақ-мен үшін жеткіліксіз болды...</p> <p>Сергіту сәтін жасауға нұсқау беріледі</p> <p>Берілген кері байланыс түрлерін топтастыру.</p> <p>1-топ-Көңіл-күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс</p> <p>2-топ-Сабақтағы іс-әрекетке кері байланыс</p> <p>3-топ-Оқу материалының мазмұнына байланысты кері байланыс</p> <p>Ұсынылатын кері байланыс түрлері:</p> <p>екі жұлдыз, бір тірек. екі өтірік, бір шындық, пирамида, нысана, тілек ағашы., көңіл-күй ағашы, 5 саусақ, досқа 5 кеңес, 5 түйін сөз, бір ой, ауа райы.</p> | | |
| Ой-толғаныс | <p>Сергіту сәті. Көңілді күн 3 минут Постер дайындау. 10 минут Қорғау 12минут Рефлексия. 3 минут</p> | | <p>Сергіту сәтін орындайды. Ақпаратпен жұмыс жасай отырып, постер дайындайды. Алған білімдерін қорғайды. Өз іс-әрекеттеріне талдау жасайды.</p> | <p>Алған білімдерін ортаға салады, бір-бірінің пікірлеріне баға береді. Алған білімдерін қорытындылайды.</p> |

Г.ҚАЙРБАЕВА,
"Бөгенбай батыр атындағы
қазақ орта мектебі" КММ.
 Ақмола облысы,
 Ерейментау ауданы

САН ЕСІМ

| | | | |
|----------------------------|---|---|--|
| Мақсаты: | Сан есім туралы түсінік бере отырып, білімдерін кеңейту, тақырыпты жетік меңгерту. | | |
| Күтілетін нәтиже: | 1. Сан есім туралы түсінік алады. 2. Басқа сөз табынан ажырата алады. 3. Ақпаратты қабылдайды, талқылайды. 4. Сабақта қолдана алады. 5. Сыни тұрғыдан ойланады. | | |
| Қолданылатын материалдар: | Қазақ тілі оқулығы, сызба, кеспе қағаздар, флипчарт, маркер, АКТ, интерактивтік тақта | | |
| Оқыту әдістері: | Топқа бөлу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ой қозғау, топтық тапсырмалар, талдау, қорғау. | | |
| Сабақтың барысы | Уақыты | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
| Кіріспе Тұсау-кесер | 5 мин. | 1. Ұйымдастыру кезеңі а) оқушылармен амандасып, сабаққа назарын аудару ә) сынып оқушыларын топқа бөлу I топ: ондықтар II топ: жүздіктер III топ: мыңдықтар IV топ: бірліктер б) топ басшысын сайлау («Аквариум» әдісі бойынша) в) психологиялық дайындық 2. Үй тапсырмасын сұрау. Блиц сұрақтары арқылы үй тапсырмасын тексеру: 1. Сын есім дегеніміз не? 2. Сын есімнің сұрақтары? 3. Негізгі сын есім дегеніміз не? 4. Туынды сын есім дегеніміз не? 5. Сын есімнің мағыналық топтарын ата. 6. Құрамына қарай сын есімдер қалай жіктеледі? 7. Дара сын есімге мысал келтір 8. Күрделі сын есімге мысал келтір. 9. Сапалық сын есім дегеніміз не? | Оқушылар амандасып болған соң, топқа бөлінеді, топ басшыларын сайлайды. Өз топтарына отырады. |
| | 5 мин. | | Топ басшыларын сайлайды. |
| | 5 мин. | | Бір-біріне сәттілік тілейді. Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап айтады. |

| | | | |
|---------------|---------|--|--|
| | | 10. Қатыстық сын есім дегеніміз не? Жаңа сабаққа көпір жасау Жеті атасын білмеген ер Жеті жұрттың қамын жер,-дейді атам қазақ. -Кәне, балалар, кім жеті атасын біледі? Атап шығайықшы. -Жеті саны қай сөз табына жатады? -Ендеше, бүгін біздің тақырып: «Сан есім туралы түсінік». Сабағымызды «Жеті ата» ауылына саяхат жасау арқылы өтеміз. Сабақтың мақсатымен, табыс өлшемдерімен оқушыларды таныстыру. | Оқушылар жеті аталарын атап шығады. Сабақтың мақсаты мен табыс өлшемдерімен танысады. |
| Негізгі бөлім | 20 мин. | 1. Аталар ауылы бізге мынадай тапсырма дайындап қойыпты: «Сан есім» сөзі туралы не білетінімізді таратып жазып шығайық. 2. Әкелер ауылы. Бұл ауылда біз оқулықпен жұмыс жасаймыз. 156-жаттығу. 1. Мәтін мазмұнына сай есімдерді табындар 2. Сан есімдерді тіркескен сөзімен бірге цифрмен жазу Үлгі: 3 адам, 45 шамасында. 3. Балалар ауылы «Санды әріппен белгіле» атты тапсырма дайындап қойыпты. Жүзік, кекіл, қоныс, бірлік, қалтыр, мүшкіл, бесік, жетістік, тоғызқұмалақ, мыңбасы, күбір, дүбір, екілік, секілді. 4. Немере ауылы «Кім шапшаң?» атты тапсырма дайындап қойыпты. -Кәне, кім шапшаң әрі тапқыр екенін анықтайық. Бұл тапсырма шарты: жұмбақты шеше отырып, сан есімдердің астын сызу. 1-топ. Байқасаң қырық екі бар болғаны, Қосылып бір-біріне сөз қозғайды. Он бесінің кәдімгі дауысы бар, Жырма бесі дауыссыз ым жолдады. Екеуі үнсіз-түнсіз мылқау нағыз, Тоғызы шеттен келді, қабылдаңыз. Тоғызы ерекше бір көрік берер, Шешуін жұмбағымының ал табыңыз. (әліпби) 2-топ. Бір малға екі бала мінгеседі, Айлап-жылдап түспестен күн кешеді. (түйенің өркеші) 3-топ. Үш-төрт қана тісі бар, Шөп көтерер күші бар. (айыр) 4-топ. Бір кісінің он екі баласы бар, Іштерінде ақ,сары, қарасы бар. Әр баласы сапарға шыққан сайын, Отыз шақты серігін ала шығар. (жыл он екі ай) | «Сан есім» сөзін топтастырып шығады. Оқулықпен жұмыс жасайды Санды әріппен жазып шығады 100ік,к2л,к10ыс, 1лік, кбр, м3кіл, 5ік, 7стік, 9құмалақ, 1000басы, кү1, дү1, 2лік,с2лді. Есептік сан есімдерді таба отырып, жұмбақтың шешімін табады. |

Н.ҚАБДЫҒАЛИЕВА,
М.Төлебаев атындағы орта мектеп.

Алматы облысы,
Алакөл ауданы,
Жайпақ ауылы

СӨЗ ҚЫСҚАЛЫҒЫ МЕН НҰСҚАЛЫҒЫ

Мақсаты: білімділік-сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік қасиеттерді дағдыға сіңіру; дамытушылық-оқушыларды қысқа да, нұсқа, жүйелі сөйлеуге баулу; тәрбиелік-шебер сөйлей білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: 1. Аз сөзбен көп мағынаны жеткізуді біледі.

2. Басы артық қолданыстардан сөзді арылтады.

3. Тіл мәдениетіне қойылар талаптарды түсінеді.

4. Сөйлеу тілінің ықшамдау тәсілдеріне арқа сүйейді.

Сабақтың ресурстары: А-3, А-4 парағы, стикер, интербелсенді тақта.

| Сабақтың кезеңі | уақыты | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
|-----------------|----------|---|---|
| Ой қозғау | 10 минут | 1.Жұмыс істеуге жағымды ахуал тудыру. «Шуақ шашқан сөз» Бір-біріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын қысқа да, нұсқа сөз айтуы қажет. Мысалы: «Сізге сәттілік серік болсын!» 2.Үй тапсырмасы. «Тіл тазалығы үшін күресейік!» 1-топ: «Жарнама» 2-топ: Газет мақаласы. 3-топ: Сұхбат алу. 3.Топқа бөлу. «Қисынды сөз – ой көркі» «Шындықты қаласаң, тілді сыйла». «Тілі жоғалған жұрттың өзі жоғалады». | 1.Оқушылар бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлайды. Сабаққа ынталанады. Жағымды ахуал туады. 2. Топ бөлінген тапсырмалары бойынша шара ұйымдастырады. 3.Оқушылар сөздер жазылған қиындыны құрастырып, белгіленген партаға жайғасады. Топ ішінен «көшбасшысын» сайлайды. |

| | | | |
|----------------|--------|---|---|
| | | <p>5. Шөбере ауылы. «Сергіту сәгі».</p> <p>-Балалар, бағанадан бері «Жеті ата» ауылының тапсырмаларын орындап, шаршаған шығарсындар. Ендеше, кішкене бой сергітелік.</p> <p>6. Шөпшек ауылы. Бұл ауылда сендерге мақал-мәтелдер беріледі. Сол мақал-мәтелдерден сан есімдерді тауып, астын сызындар. Мағынасын түсіндіріңдер.</p> <p>1-топ</p> <p>1. Жеті атасын білмеген жетесіз.</p> <p>2.Жұт жеті ағайынды, жиенім сегіз.</p> <p>2-топ</p> <p>1. Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама.</p> <p>2. Егістікті бір рет сыйламасаң, ол сені тоғыз рет қинайды.</p> <p>3-топ</p> <p>1. Екі қарға таласса, бір қарғаға жем түсер.</p> <p>2. Ер бір рет өледі, ез мың рет өледі.</p> <p>4-топ</p> <p>1. Жігітке жеті өнер де аз.</p> <p>2. Екі кісі ығысса, бір кісілік орын бар</p> <p>7. Немене ауылына да жеттік. Соңғы ауылда сендердің шығармашылық қабілеттеріңді сынап көрелік. «Мен сан есіммін» атты тақырыпқа шағын ертегі құрастырып көрелік. Үлгі: Ерте, ерте ертеде ағайынды тоғыз жігіт болыпты...</p> | <p>Қазақтың еңбек сіңірген әншісі Роза Рымбаеваның орындауында халық әні «Бір баланы» тындайды.</p> <p>Мақал-мәтелдерден сан есімдерді тауып, астын сызады, мағынасын түсіндіреді.</p> <p>Шағын ертегі құрастырады.</p> |
| Қорытынды | 5 мин. | Бүгінгі сабақтан алған әсерім... | Бүгінгі сабақтан алған әсерім... |
| Үйге тапсырма: | 2 мин. | Үйге тапсырма беру. 107-жаттығу. | Үйге тапсырма беру. 107-жаттығу. |
| Бағалау. | 3 мин. | Жиынтық баға қою. | Жиынтық баға қою. |

ЕСІМДІКТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

| | | | |
|----------------|----------|---|--|
| Мағынаны тану. | 20 минут | 1.«Тіл–ұлттың жаны» видеоролик көрсету. 2. «Сөз қысқалығы мен нұсқалығы» тақырыбы 3. Оқушыларға мәтін бөлініп беріледі. 4. «Өкіл» әдісін қолдану. 5.Әр топ берілген мәтін бойынша қорғайды. 1-топ: «SWOT» анализ 2-топ: «Фишбоун» әдісі 3-топ: Кластер. 6.122-123-тапсырмаларды орындату. 122-тапсырма. 1-5-ке дейін 1-топ; 6-9-ға дейін 2-топ; 123-тапсырма 3-топқа бөліп беру. | 1. Оқушылар видеороликтен көргендері туралы өз пікірлерін білдіреді. 2. Тақырып мазмұнымен танысады. 3. Оқушылар бөлінген мәнмәтінді оқиды. 4. «Өкіл» әдісі арқылы әр топтан бір-бір оқушы барып мәнмәтіндерін түсіндіреді. 5. Оқушылар берілген мәнмәтіндерін 1-топ: «SWOT» анализ. 2-топ: «Фишбоун» әдісі 3-топ: Кластер арқылы қорғайды. 6. 122-тапсырма 1-5-ке дейін 1-топ; 6-9-ға дейін 2-топ; 123-тапсырма 3-топ орындайды. |
| Ой толғаныс | 10 минут | 1.«Қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес, шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде» жазбаша түсінік. 7. Бағалау парағы арқылы топ мүшелері бірін-бірі бағалайды. | 1.«Қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес, шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде» деген сөйлемге әр түрлі шығармалардан, ұлы адамдардың қанатты сөздерінен, халық даналығынан (мақал-мәтелдер) мысалдар келтіріп, жазбаша түсінік береді. 7. Оқушылар формативті баға береді, бірін-бірі қолдап үйренеді. Оқушылар бірін-бірі қолдауды және сын айта білуге дағдыланады. |
| Үй тапсырмасы | 2 минут | 124-тапсырма. | Оқушылар тапсырманы шарты бойынша орындап келеді. |
| Рефлексия | 2 минут | Оқушылардан ұсыныс-тілектерін біліп, кері байланыс алу. | Оқушылар сабақ туралы ұсыныс-тілектерін айтып кері байланыс береді. |

| | | | |
|----------------------------------|--|---------|---|
| Сабақтың мақсаты: Білімділік: | Есімдіктің мағыналық, тұлғалық жағынан білімдерін қорытындылау. | | |
| Дамытушылық: | Өз білімдерін, көзқарастарын жүйелі жеткізуге сұрақ-жауап, Блум таксономия әдістері арқылы дағдыландыру. | | |
| Тәрбиелік: | Бір-бірін тыңдай білуге, сыйлауға, Отанын құрметтеуге қалыптастыру. | | |
| Сабақтың түрі: | Аралас сабақ. | | |
| Сабақтың әдіс тәсілдері: | топтық жұмыс, Блум таксономиясы, оқыту үшін бағалау. | | |
| Сабақтың көрнекілігі: | Қазақстан картасы, плакаттар, стикерлер. | | |
| Пәнаралық байланыс: | әдебиет, география | | |
| Сабақтың барысы: | | | |
| Ұйымдастыру кезеңі | Оқушылармен амандасу. Топқа бөлу. Топ басшысын сайлап алу. | | |
| Блум таксономиясы | Мұғалімнің іс-әрекеті | Уақыт | Оқушының іс-әрекеті |
| Білу | Есімдік туралы (қайталау, еске түсіру) | 4 мин. | Оқушылар білгенін стикерге жазып шығады. |
| Түсіну | Сатылай кешенді талдау, фонетикалық талдау. Сөз құрамына қарай талдау. | 10 мин. | I топ өздері, не? сөздеріне сатылай кешенді талдау. II топ кейбіреу, барлық сөздеріне фонетикалық талдау. III топ осылар, кейбіреу құрамына қарай талдау. |

| | | | |
|----------------|--|---------|--|
| Қолдану | Оқушылар мәтін арқылы есімдіктерді тауып, постерге жазып шығады. I топ. «Ақула». II топ. «Тәуелсіз Қазақстан». III топ. «Тәуелсіз Қазақстан». | 10 мин. | Оқушылар мәтін арқылы есімдіктерді тауып, постерге жазып шығады. |
| Талдау | 1. Есімдіктер мағынасына қарай нешеге бөлінеді? А) 7; ә) 6; б) 5. 2. Сілтеу есімдігін көрсет: А) Кім, неше, қанша; Ә) Бұл, мынау, анау; Б) Әркім, кейбіреу, әлдене. 3. Жалпылау есімдігін тап: А) Бәрі, күллі, барша, барлық Ә) Ешкім, ештеңе, ешбір, ешқандай; Б) Бұл, мына, осы, олар. 4. Болымсыздық есімдігін тап: А) Бәрі, күллі, барша, барлық Ә) Ешкім, ештеңе, ешбір, ешқандай; Б) Бұл, мына, осы, олар. 5. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. Есімдіктің сөйлемдегі қызметі: А) Бастауыш; Ә) Баяндауыш; С) Анықтауыш. 6. Өнеуі келген бала- сенсің сөйлеміндегі есімдіктің қызметі: А) Бастауыш; Ә) Баяндауыш; С) Анықтауыш. 7. Сілтеу есімдігінің қатары: А) Барлық, барша, бәрі; Ә) Ешкім, ештеңе, ешбір; С) Бұл, сол, осы. 8. «Сен құрметте оны, түсіндің бе, қарағым» сөйлемде қанша есімдік бар? А) 1; Б) 2; С) 3. 9. Жіктеу есімдігін тап: А) сол, осы, ана; В) мен, сен, ол; С) кім, не, кімі. 10. Өзің соның қайсысың? Сөйлемде неше есімдік бар? А) 3; В) 2; С) 1. | 10 мин. | Дәптерлеріне орындайды, ауызша талдайды. |
| Жинақтау | «Есімдіктер әлемі», «Менің Қазақстаным», «Біздің Президент» тақырыбында (ой толғау, өлең шығару, сурет салу) | 7 мин. | Оқушылар жұмыстарын оқиды. |
| Бағалау | мұғалім | 3 мин. | оқушы |
| Үй тапсырмасы: | «Біз -болашақтың ертеңі» эссе. | | |

ӘДЕПТІЛІК – ӘДЕМІЛІК

Мақсаты: 1.Әдептіліктуралыұғымқалыптастыру, білгендерін бір жүйеге келтіру, сыпайы сөздерді орнымен қолдануға үйрету, буынның түрлерін меңгерту.

2. Әдептілік, инабаттылық жайында оқушылардың ойын дамыту, таным белсенділігін арттыру, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрете отырып, әдет әліппесін дарыту.

3. Қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуге, оқушыларды адамгершілікке, әдептілікке, ізгілік пен мәдениеттілікке, үлкенді сыйлауға, кішіге үлгі бола білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, көрініс көрсету, баяндау, ой толғау.

Көрнекілігі: сыныпты безендіру, әдептілік туралы жазылған қанатты сөздер, өсиет сөздер мен мақалдар, адамгершілікке байланысты суреттер, құпия хат, мультимедиялық құрал.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

а) Оқушылардың зейінін тұрақтандыру

ә) Сабақтың ұранымен таныстыру

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз,

Баршаңызды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

II. Үй тапсырмасын тексеру

а) Сұрақтарға жауап беру

1. Буынның неше түрі бар?

2. Ашық буын дегеніміз қандай буын, мысал келтір.

3. Тұйық буын туралы айт,мысал келтір.

4. Бітеу буын туралы айт, мысал келтір.

а) «Жедел тест».

1. Қай сөздер буынға бөлінбейді?

а) ата, әже, немере; ә) анат, ата, ақын;

б) ай, қант, тас

2. Үш буыннан тұратын сөзді тап:

а) көрермен; ә) бала; б) тәкаппарлық.

3. Буынның белгісін тап:

А) сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады;

ә) дауысты, дауыссыз дыбыстардан тұрады;

б) сөздегі дауыссыз дыбыс пен буын саны бірдей болады.

4. «Кішіпейілділік» сөзі неше буыннан құралған?

а) екі; ә) бес; б) алты.

5. Ашық буынды сөзді анықтаңыз.

а) даңғыл; ә) танысу; б) дәстүр.

6. Тұйық буынды сөзді анықтаңыз:

а) мектеп; ә) кітап; б) ер.

7. Бітеу буынды сөзді анықтаңыз.

а) дәптер; ә) отбасы; б) ерекше.

8. Ашық буынды сөздерді көрсетіңіз:

а) аспан, жайлау, жер; ә) дала, жаға, сары; б) ай, ас, мал.

9. Тұйық буын сөздерді көрсетіңіз:

а) ашық, жабық, қысаң; ә) аң, аш, ар; б) мереке, той, думан.

10. Қазақ тіліндегі буын түрлерін белгілеңіз:

А) ашық, тұйық, бітеу; ә) Қатаң, ұяң, үнді;

б) Ашық, қатаң, ұяң.

III. Жаңа сабақ.

1. Өлеңді оқып,буынға бөл. Өлең не туралы?

Біз әдепті баламыз,

Айтқан тілді аламыз.

Айтқан тілді ұғамыз,

Ізетті болып шығамыз.

Мұғалім: -Құрметті оқушылар! Бүгінгі біздің ашық сабағымыз тақырыбынан көріп отырғанымыздай әдептілік, мәдениеттілік, ізгілік жайында болмақ. Әдепті болу деген сөздің мағынасы өте кең. Олай дейтініміз: адамның жасаған әрбір іс-қимылы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, өзін-өзі ұстай білуі оның әдептілігі, мәдениеттілігі жайлы сыр шертіп тұрады. Қазір мен сіздерге осы әдептілік жайлы бірнеше сұрақтар қоямын, сұрақтарға жауап берулеріңіз арқылы сіздердің әдептілік жайлы ойларыңызды тыңдағым келіп тұр. Ендеше бүгінгі осы ашық сабағымызда біз көптеген мағлұматтар алып, ойларымызды кеңейтіп, сіздерге кішкене де болса болашаққа жол көрсетерміз деп ойлаймын.

«Не деу керек?»

- 1) Апаң сенің базардан
Алма сатып әкелді.
Ең үлкенін, жақсысын
Саған таңдап әперді.
Не деу керек? (Рахмет апа) деу керек.
- 2) Балалар жүр көшеде,
Естіледі шу-айқай.
Сен де шықтың, көршінді
Қағып кеттің байқамай.
Мұндайда не деу керек? (Кешіріңіз!) деу керек.
- 3) Осы келген бетінде
Допты қудың, жарыстың.
Көшенің сол шетінде
Кезікті бір танысың.
Ұмыттың сен не деуді? (Сәлеметсіз бе?) деу керек.
- 4) Үй артында қоқысты
Жатқан көптен үйіліп,
Тазалайды қарт кісі
Белі зорға иіліп.
Не дегенің жөн еді? (Көмектесейін) деу керек.
2. «Әдептілік-әдемілік» мәтінін «Қабырғадағы рөл» әдісі бойынша оқу.
3. Мәтін бойынша сұрақтарға жұптаса жауап беру.
Адам қандай қасиеттерімен көрікті? Адамның әдептілігі неден басталады? Сыпайы болу дегеніміз не? Әдепті адам қандай адам?
4. Соңғы сөйлемді буынға бөліп жаз.
Әдепті адам қашан да әдемі.

- IV. Бекіту.
1. «Жағдаяттарды шешу».
Сұраққа-жауап:
 1. Мектептен шығысымен үйге қарай жүгіріп келе жатқанда, алдыңнан бір үлкен кісі шықты, сен не істер едің?
- Үлкен кісімен амандасып, жол беремін.
 2. Өзіңнен үлкен кісілер әңгімелесіп отырғанда не істеу керек?
- Үлкендердің әңгімесін бұзып, сөзге араласпау керек.
 3. Көшеде біреу жөн сұраса не істейсің?
- Асықпай түсіндіріп беремін.
 4. Автобуста егде адамдарды көргенде не істейсің?
- Үлкен кісілерге әрдайым орын беру керек.
 5. Үлкен кісімен қалай сөйлесу керек?
- Үлкен кісімен «сіз» деп сөйлесу керек.
 6. Күнде таңертең мектепке келгенде не істейсің?
- Мұғалімдермен, достарыммен амандасамын.
 7. Тамақ ішіп болғаннан кейін не істеу керек?
- Аспазшыға, анама рахмет айтамын.
 8. Әдептілік қайдан басталады?
- Отбасынан, кішкентай кезден басталады.
 9. Әдепсіз адам бола ма? Болса дұрыстауға бола ма?
Болады. Бірақ көп уақыт кетеді. Өзін-өзі жеңе білу қажет.
 10. Көркіне, киіміне, ақшасына қарап әдепті деп айтуға бола ма? Не ақшаға сатып алуға бола ма?

- Жоқ.

2. Ойын. «Жалғастыр».

«Не істеуге болмайды?» Мұғалім бірінші сөзді айтады, оқушы ойланып жалғастырып айтуы керек.

- Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.)

- Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.)

- Құстарды(атуға болмайды.)

-Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды.)

- Сабақтан.....(кешігуге болмайды.)

-Сыныпта.....(айғайлауға болмайды.)

«Не істеу керек?»

- Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.)

- Үлкеннің тілін.....(алу керек..)

- Үлкендерге.....(сәлем беру керек.)

-Кішілерге.....(қамқор болу керек.)

- Оқу құралдарын.....(күтіп ұстау керек.)

-Тәртіпті------(болу керек)

Мақалдың мағынасын ашу.

Әдептілік белгісі -иіліп сәлем бергені

Үлкенге құрмет-кішіге ізет

Жақсыдан үйрен,жаманнан жирен

Адам әдебімен көрікті

V. Қорытынды: Әдептілік деген не? Топтастыру.

1-оқушы:-Әдептілік деп үлкенді сыйлауды, достарды, айналадағы адамдарды құрметтеуді айтамыз. Әдепті адам басқадан сыйласым күтпей-ақ алдымен өзі басқаны құрметтеп, ардақтай біледі.

2-оқушы: -Әдептілік дегеніміз әдеп, ізет, инабат, сыйласым, құрмет, қамқорлық деген сөздерді

білдіреді екен. Тағы да бір айтатын жағдай, бір-бірімізге кешірімді болу керек, ол да-әдептілік. Кейде кешірмейтін мінез-құлықтар да болады. Ондай теріс мінезді тезге салып, тез түзеу керек.

Мұғалім:-Дұрыс айтасындар, бұл мүмкіндектерінді ұмытпаңдар.

-Әдептілікке байланысты қандай мақал-мәтелдер мен өлеңдер білесіндер?

Ендеше әдептілік туралы тақпақтарды айтайық.

Қорытынды: -Балалар, біз бүгінгі оқу іс-әрекетімізде әдептілік, сыпайылық жайлы сөйлестік. Әдепті, сыпайлы балалар айналасындағыларға жағымды, сүйкімді екенін түсіндік. Әрдайым әдепті, сыпайы болуға, кездескен адамдармен амандасуды, кешірім сұрауды, «өтінемін» деген жылы сөздерді үнемі айтуға үйренейік. Сонда әдептілік деген не?

- Балалар, сонымен әдептілік деген ар-ұяттың, әдеміліктің белгісі, адамдық қасиеттердің көрінісі екенін түсінген боларсындар. Әр адам өзінің ішкі дүниесінің таза, ақ болуын қадағаласа, істеген ісі соған сай әдепті, инабатты, жүрегі мейірімге толы болмақ. Егер сен бала күніңнен әдепті тәртіпті болып өссең, есейе келе, ата – аныңның, өз Отаныңның мақтанышы боласың. Адам болу үшін Абай атамыз айтқандай:

Әдептілік - ар – ұят

Адамдықтың белгісі,

Тұрпайы мінез, тағы жат

Надандықтың белгісі,- дей келе «Әдептілік – әдемілік» атты ашық сабағымызды аяқтаймыз.

Ж.СЕЙТҚАЗЫ,
«Қ.Аухадиев атындағы
орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Көкпекті ауданы,
Теректі ауылы

«ЕКІ ЖҮЛДЫЗ» ЖҰПТЫҚ САЙЫС

Мақсаты: оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты анықтау. Бір-бірімен тіл табысу мәдениетін қалыптастыру. Оқушылардың әртістік қабілетін, досшылдығын, өзгешеліктерін дамыту.

Барысы:

1. «Кел танысайық».
2. «Викторина».
3. «Егіздер».
4. «Мәдениет деген не?».
5. «Сұр мерген».
6. «Өнерлі өрге жүзер».
7. «Модельер».
8. «Ән шашу».
9. «Би өнері».
10. «Суретші».
11. «Көңілді аспазшы».

1-жүргізуші:

Армысыздар ағайын, құрбы-құрдас!
Бармысыздар, жан күйер, аз қауымдас!
Бүгінгі кеш әуенін біз бастайық,

Сайыста көңілменен қол соғайық.

2- жүргізуші:

Біздерде ойын-сауық басталады,
Тамаша күй тартылып, ән салады.
Қошеметтеп, қол соғып отыралық,
Ұмытарсыз күні бойғы шаршағанды.

1-жүргізуші:

-Біздердің бұл сайысқа жиналып отырған мақсатымыз: сыныбымыздың қыздары мен жігіттерінің қарым-қатынастары қандай? Олардың арасында достық, бірлік бола ала ма? Олардың ақылдастығын, білгіштігін, әртістігін, өзгеше қабілеттерін, досшылдығын көру әрі қалыптастыру.

2-жүргізуші:

Жауқазындай жайқалған гүлдерміз біз,
Қолдасаңыз көп нәрсе ұтармыз біз.
Бақыт, шаттық, көңілге арман тілек,
Өмірде болмасыншы ызғар мен сыз.

1-жүргізуші:

Аққудай әдеміміз, сұлу жанбыз,
Әр үйде шығатұғын жаңа таңбыз.
Жан сұлуы мен тән сұлуын тепе-тең зып,
Еріксіз өзімізге қаратамыз,- дей отыра ортаға
қатысушы жұптарды шақырамыз. (Әуен ойналып,
ортаға қатысушы 4 жұп шығады).

2-жүргізуші:

Ерке өсіп, еркін өскен ұл мен қыз,
Асыға сәлем жолдап, жүректен біз.
Тәтті күй, асқақ ән мен әсем биді,

Сіздерге тарту етіп келіп тұрмыз.

1-жүргізуші:

Көп сөйлеп жөн-жобадан аспайық біз,

Қандай сайыс болса да қашпайық біз.

Ал енді сіздер рұқсат етсеңіздер,

Кәнеки, жұптар сайысын бастайық біз,- деп сайыскерлерге сәттілік тілеп, әділқазылар алқасы алдынан жеребе алуын өтінеміз. Сыныптастары атынан музыкалық сәлем жолдайды.

2-жүргізуші: Сайыс бағдарламасы 11 байқаудан тұрады. (атап өту керек)

1-жүргізуші:

Әділқазы береді,

Өздеріңе сыйлықты.

Бізге айтып береді,

Кім өнерлі, кім мықты?- деп әділқазылар алқасымен таныстырып өтейік.

2-жүргізуші:

Деген екен қазақ халқы «Сәлем-сөздің атасы»,

Біледі оны еңкейген қарт, еңбектеген баласы.

Амандасу – ізгіліктің, сыпайлықтың белгісі

Сәлем, достар! Амансың ба? Қалайсың?- дегендей I кезең-«Кел танысайық». Әр жұп өздерін таныстырады.

1-жүргізуші:

- Келесі кезең-«Викторина». Яғни, сұраққа жауап береді. (Әр топ сұрақтарын алып, жауап береді).

2-жүргізуші: -Келесі байқау «Егіздер» деп аталады. Енді тапсырма орындайсыздар.

Біреуіңіздің оң қолыңызға қайшы беріп, екіншіңізге қағаз беріледі. Сіздер осы қағаздан өздеріңізге ұнайтыною оюларыңыз керек. Басқа қолдарыңызбен көмек бермейсіздер. Кәне, бастайық! (Ойын ойналады). Әділқазылар алқасына сөз беріледі.

1-жүргізуші:

- Сыйлау керек адамды, сыйлау керек,

Сыйлау керек, жәбірге қыймау керек.

Сыйлау керек, сол үшін зұмыр бойы,

Жүректердің жылуын жинау керек.

2-жүргізуші:

Сыйлау керек мәдениетті елім үшін,

Сыйлау деген керек болар елім үшін.

Мәдениетті ел болу мақсатымыз

Достым, менің, сен оны солай түсін, - дегендей келесі кезең-«Мәдениет деген не?» деп аталады.

1-жүргізуші: -Біздің жұптар өте мәдениетті деп ойлаймыз. Ер балалар қазір қыздарыңызды мәдени және демалыс орындарына шақырыңыздар. Ал қайда шақыратыныңызды ыммен, мимикамен көрсетулеріңіз керек. Ал қыз балалар шақырған жерді шешулері керек. Ал енді мына жерден жігіттер келіп билет алуларыңыз сұраймыз.

Жұптар ойланғанша, бір әуен орындалады.

2-жүргізуші:

-Дәлдеп түсіру нысанаға қиын емес,

Мақсатқа жет, мейлі сен күн-түн егес.

Мерген бол көздеп тұрып түсіретін,

Сен ешкімге ешқашанда олқы демес.

1-жүргізуші:

-Келесі байқау «Сұр мерген» деп аталады. Сендер бір жұп болып келген соң, келесі тапсырманы бірігіп жасауларыңыз керек.. Қазір сіздердің қолдарыңызды байлаймыз. Сол байлаулы қолдарыңызбен атуларыңыз керек, бірақ бұл байқауда нысанамыз- шелек болады, ал жебеміз – кәдімгі қағаз болады. Әр жұп үш реттен атып, шелекке түсіруі керек. Ал, бастайық.

2- жүргізуші:

- Он саусақтан шебер тамған шебер болу керемет, Өлең айтып, биді билеп, жасап жатсақ текемет. Өнеріңді көрсетші құрбыларым, кәнекей, Кезек берейік жұптарыңызға жекелеп.

1-жүргізуші:

- Келесі байқау «Өнерлі өрге жүзер». Әр жұп өз өнерлерін, қабілет-қарымдарын көрсетеді.

2-жүргізуші:

- *Модельер болу оңай ма?*

Қиналып жатсақ мұңайма.

Әр мамандық өзгеше,

Өз мәнінде, шырайда,- деп келесі «Модельер» байқауына көшейік.

1-жүргізуші:

Сіздердің алдарыңызда бірнеше заттар тұр: кастрюль, таспа, қыстырғыштар, белдік, гүл, қатырма қағаз, т.б. Сіздер 3 минуттың ішінде осы заттардан шляпаны жасауларыңыз керек. Сонымен топтар қалпақ киіп көрсетіңіздер, оған ат қоясыздар.

Топтар қалпақ жасап болғанша музыка ойналады.

Қазақ биі.

Енді әділқазылар алқасын тындап көрелік.

1-жүргізуші: - Келесі байқау – ән байқауы. Әр жұп өздері даярлаған әндерді орындайды.

2-жүргізуші:

- *Биші болам болашақта Шарадай,*

Төземін мен қиын жолға қарамай.

Ренжімеймін өтпей қалсам байқаудан,

Қалып жатсам шартына мен жарамай.

Сіздерге қазір әр түрлі әуен қосамыз. Сендер сол әуенге сәкес билеулеріңіз керек. Қай жұп икемді, ырғаққа сәйкес әдемі билейді екен, қазір көреміз, Музыка!

1-жүргізуші:

Келесі байқауымыз «Суретші» деп аталады. Бұл байқауда әр жұп көздерін байлап, сурет салады. Кімнің суреті әдемі болып шығады екен, бастайық!

2-жүргізуші:

-Ендігі сайысымыз «Көңілді аспазшы» деп аталады. Бұл сайыстың шарты, әр жұп мына столда тұрған алжапқышты байлап, орамалды басына тартып, пышақпен екі картопты үзбей аршып, екі пиязды әдемі етіп турауы керек. Картоптың тазалығына, қабығының үзілмей ашылуына, пияздың әдемі туралуына әділқазы алқалары өздеріңіз баға беріңіздер. Ал, енді дайын болсаңыздар іске сәттілік тілеп, сайысты бастайық.

1-жүргізуші:
- Біздің «Екі жұлдыз» атты жұптық байқауымыздың барлық сындары аяқталды. Қазылар алқасы осы барлық турдың бағасын есептегенше кезекті музыкалық үзіліске береміз.

2-жүргізуші:

Жеңістер мен жеңілістен тұратын,
Өнер-күрес, жеткізе ме мұратын.
Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімегін,
Қатысу да бір жеңіс, жан болсаң сен ұғатын.

1-жүргізуші:

-Жастық шақтың біз гүлдерін тереміз,
Бір сыныпта бірге оқып келеміз.
Ортаға әділқазылар алқасын шақырып, сайыстың қорытындысын тындайық.

2-жүргізуші:

«Қош» демейміз, әлі талай сайыстар бар,
Өнерлерің шындай берсін, қалыспаңдар.
Көрерменім көбейсін күннен-күнге,
Келе берсін қонақтар жарысқанда.

1-жүргізуші:

Тіршілік – орман, бәрімізге де орын бар,
Басады кейде онсыз да қиын жалындар.
Қуаныш та бар, өкініш те бар жолдарда,
Ұстазым менің, достарым менің,
Бәрінде аман болыңдар!

2-жүргізуші:

Осымен сайыс кешіміз аяқталды.
Көріскенше, қош-сау болыңыздар.

Б.АХМЕТЖАНОВА,
М.Ғабдуллин атындағы №3
көптілде оқытатын кәсіби
мектеп-гимназиясы.
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы

ЕРЛІК ПЕН НАМЫСТЫҢ АҚЫНЫ-МАХАМБЕТ

Ашық журналдың мақсаты:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырларымен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарынын өлеңдері арқылы оқушыларға түсіндіре отырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салған ерекше қасиетін оқушы бойына дарыту.

2. Өмірі мен өлеңдерінің ерекшелігін аша отырып, күйлері, термелері жөнінде түсінік беру. ерлікке, Отанды қастерлеуге шақыру.

3. Өршіл жырлары арқылы ерлікті ту еткен Махамбеттің ерлігін қастерлеуге баулу, елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу.

Ашық журнал төрт беттен тұрады.

1-бет. «Күреспен өткен ғұмыр».

2-бет. «Махамбет-дауылпаз ақын».

3-бет. «Махамбет-күйші».

4-бет. «Мәңгілік ғұмыр».

М.Өтемісұлы. «Мұнар күн» бейнеролигі.

1-бастаушы.

Махамбет

Махамбет...

Білмеймін жел ме, сел ме

Жырда онымен бір тұлға теңесер ме?

Әділетсіз дүниенің қабырғасын

Махамбетше сөгер жан кездесер ме?

2-жүргізуші:

-Махамбеттің әлі биік еңсесі.

Сол еңседен шығып жатыр ел сесі

Ақын жүрек мәңгі сөнбес жанартау.

Жалын атып тұрар мәңгі өр төсі.

1-жүргізуші:

-Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Әуезов Махамбеттің ақындық құдіретін жоғары бағалай келіп, былай деп жазды:

«...Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы». Бұл классик ақынымыздың шығармашылығына берілген әділ баға деп білуіміз керек.

2-жүргізуші: -Жауынгерлік рухтағы өршіл жырлардың інжу-маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны. Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет – сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты

көрінісі.

1-жүргізуші:

-Қазақ халқы талай қиын кезеңді басынан кешірді. Елін, жерін көзінің қарашығындай қорғаған, оның мүддесі үшін қабырғасы қайысып, қасық қаны қалғанша қорған болуды мақсат еткен дара тұлға батырлары болған. Олар-сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Міне осындай көрнекті өкілдердің бірі - Махамбет Өтемісұлы.

2-жүргізуші.

- Ол - тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кем пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Махамбет Нарын өлкесінде өмір сүріп, «қара қазан, сары бала қамы үшін» ашық қимылға шыққан, халықты соңына ерте білген. Ол ерлікті, өрлікті өзі ғана жасамай, бүкіл поэзиясына ерлікті ту етті, оны кейінгі ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырды. Олай болса М.Өтемісұлының өмірбаянына зер салайық.

1-бет. «Күреспен өткен ғұмыр» 1-слайд. 1оқушы.

Махамбеттің өмірі бейнеролик.

1-жүргізуші: -Отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ жыршысы.

Менің атым – Махамбет,

Жасқұстағы Жәңгір хан

Ісінен болдым құса - дерт.

Атасы өткен Айшуақ
Соны көзі көрді ғой:
Менің атам Өтеміс
Елдің қамын жеді ғой - деген жалынды
отты сөздерін еске ала отырып мына көрініске
назарымызды салайық.

Көрініс: Сарайда отырған Жәңгір хан.
Айналасында Баймағамбет сұлтан, сарайдың
билері, уәзірлері, т.б.

Шабарман: - Уа, биеке, Махамбет кеп, түсіп
жатыр.

Жәңгір хан: - Мұнда алып келіңдер, сөйлесейік,
бірақ оғаш сөз сөйлемендер, не десе де көне
беріңдер..

(Махамбет кіріп келеді)

Махамбет: - Ассалаумағалайкум!

Билер.- Уағалейкумассалам! Кел, төрлет, отыр!

Жәңгір хан: - Әй, Махамбет! Бір-бірімізбен тағы
да бетпе-бет жүздесіп қалдық. Байқаймын, әлі
сол баяғы мінезің, әлі сол бұрынғы тілің көрінеді.
Қашып-пысып жүріп, еркінсіп сөйлеу - сенің не
теңің? Тіл безуе сенің қай сәнің?

Махамбет: - Тілімнің уы жыланның тіліндей екі
айыр, бірі сізге тисе, бірі өзіме тиеді.

Жәңгір хан: - Ау, Махамбет! Сөзді қояйық!
Арамызда шыққан от ауызды, орақ тілді ақын
емессің бе? Жырла мені мақтап мына жұртқа.

Махамбет: - Айтсам айтармын хан Жәңгір, жұртқа

жасаған ісінді. Қарапайым халықтың ақысын жеп,
табаныңа таптамадың ба мына жұртты?

- Хан емессің қасқырсың,
- Қас албасты басқырсың.
- Достарың келіп табалап,
- Дұшпаның келіп басқа ұрсын.
- Хан емессің аянсың,
- Айыр құйрық шаянсың.

Жәңгір хан: - Тоқтат! Жетеді енді.

1-жүргізуші:

- Махамбет - ақын, ұраны болған қазақтың
Толғаулары мен жырлары толы азаттық
Теңдік үшін алысқан ата жауымен
Өр мінездік қанына сіңген қазақтың.

2-жүргізуші:

- Ұрпағың бүгін намысты ерлер жетелі.
Жайды, міне қазақ халқы өркенін
Еркіндік алып, ерікті болған кезімде,
Махамбет баба, рухыңа тағзым етемін.
Оқушылар М.Өтемісұлының өлеңдерін оқиды..
Махамбет көтерілісі бейнеролик.

2-бет. «Махамбет – дауылпаз ақын!»

Махамбеттің жырларына тоқталады).

Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін
жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін,
туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза
қолға алып, жаракты жауды тоқтатып» елі үшін
құрбан болған ердің арманы жоқ, туған халқы, елі
үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас

ұрпақты үгіттеді.

Махамбеттің:

Толарсақтан саз кешіп,

Тоқтамай тартып шығуға

Қас үлектен туған катепті

Қара нар керек біздің бұл іске.

Қабырғасын қаусатып,

Біздің бұйткен бұл іске, - деп аталатын өлең жолдарында жастарды қандай да болмасын қиындықты жеңе білуге туып өскен Отанын, елін сүйуге, елжандылыққа тәрбиелеуге жас ұрпақты үндеді. Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Ақын психологиялық параллелизмді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз тағдырын салыстырады. Махамбет көл қорыған қызғыштай елі үшін отқа түседі:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты, мойның бос.

Исатайдан айырылып,

Жалғыздықпен болдым дос.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Ел қорыған мен едім

Мен де айырылдым елімнен

Көл қорыған сен едің,

Сен де айырылдың көліңнен.

1-жүргізуші.

XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл

жырларымен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше.

Өлең - тәрбие құралы. Көне заманнан бері халқымыз тәрбие құралы ретінде ертегі, аңыздарды, батырлар жырлары мен дастандарды, өлеңдер мен терме, баталарды, мақал – мәтелдерді тиімді пайдаланып, ұлттық дәстүрімізді жалғастырып отырды.

2-жүргізуші:

- Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы - өршіл жырлары болды.

- Махамбет жырларын ту етіп ұстап, көңілдеріне тоқып жүрген оқушыларға сөз беріледі.

Махамбеттің көтеріліс кезеңдеріне жасалған хронологиялық кестемен таныстырады.

Журналдың 3-беті. «Махамбет – күйші».

Махамбеттің ақындық, батырлық қасиеттерін біз күйші Махамбеттен, композитор Махамбеттен де анық байқағандаймыз. Егер біз Махамбет тағдырын ел кегін жоқтаған кесекті ердің ереуіл ғұмыры деп танитын болсақ, оның жырларын сол ереуіл өмірдің поэтикалық шежіресі деп білеміз. Мынау жеті күй бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнмен жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып, көп нәрсені түсіндіріп тұр. Мұнда

да Махамбеттің сол таныс дауысы, таныс шабыты, Махамбет жүрегінің сол таныс дүрсілі. Оның күйлері: «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Шілтерлі терезе», «Өкініш», «Жайық асу», «Жауға шапқан», «Жұмыр, Қылыш» пен «Қайран Нарын».

Махамбеттің күйшілік өнері туралы айтылып, «Жұмыр қылыш» күйі орындалады.

4-бет. «Мәңгілік ғұмыр».

1-жүргізуші:

-Ақыры жетті күн бүгін,
Ақырып теңдік сұраған.
Түнектің түріп түндігін,
Ат міндің сұлу құладан.
Парызың бүгін өтелген,
Әр ізің жатыр жаңғырып.
Азаттық туын көтерген,
Ақынның жыры мәңгілік!

2-жүргізуші:

Махамбет – ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек.

1-жүргізуші: -Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамыздың рухына басымызды иеміз.

2-жүргізуші: -Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Хор. «Қазақстан бақыты» өлеңі.

И.ЖИЕНАЛИЕВА,
№119 орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Жаңағаш ауданы,
Жанаталап ауылы

ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛЕМІ

Мақсаты: оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой-өрісін дамыту, ұшқырлық, ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

Сайыстың шарттары:

1-бөлім. Жұлдызды сәт.

2-бөлім. Өтірік өлеңдер.

3-бөлім. Жекпе-жек.

4-бөлім. Көрерменнен көрімдік.

5-бөлім. Білгенге маржан.

6-бөлім. Сиқырлы ұяшықтар.

Жұлдызды сәт.

1. Тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым саласы.

Фонетика.

2. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? 9

3. Қазақ тіліндегі буын саны. 3

4. Екі кісінің сөйлесуі. *Диалог*

5. Заттың көпше түрін білдіретін жалғау. *Көптік*

6. *Аласа* сөзіне қарама-қарсы мәндегі сөз? *Биік*

7. Сөздің мағынасын өзгертетін қосымша қалай аталады? *Жұрнақ*

8. Бірде дауысты, бірде дауыссыз болатын дыбыс.

У

9. Термин қай тілден шыққан?

10. Қазақ тіліндегі айтуға тыйым салынған сөздер

қалай аталады? *Табу*

11. Фразеология сөзінің баламасы. *Тұрақты сөз тіркесі*

12. Қазақ тілінде неше септік жалғауы бар? 7

13. Орфоэпия нені зерттейді? *Сөздердің дұрыс айтылуын*

14. *Әліпби* сөзі қай тілден енген? *Араб*

15. Тілдің ең кіші бөлшегі? *Дыбыс*

16. Қосымшаны тіл білімінің қай саласы зерттейді? *Морфология*

17. *Әліпбидегі* оныншы дыбыс қандай? *ж*

18. Зат есімнің септелуі. *Парта, партаның, партаға, партаны....*

19. Жұрнақтың қандай түрлері бар?

Сөз тудырушы, сөз түрлендіруші

20. Қосарлы дыбыстардың саны нешеу? 3

21. Лексика нені зерттейді? *Тіл байлығын*

22. Сын есімнің сұрақтары? *Қандай? Қай?*

23. Сөздің әріқарай бөлінбейтін бөлшегі? *дыбыс*

24. Есім сөздердің орнына қолданылатын сөз табы? *Есімдік*

25. *Батыр* сөзіне мәндес сөздерді атаңыз? *Ержүрек*

26. Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша? *Жалғау*

27. Сын есімнің мағыналық түрлері қандай? *Қатыстық, сапалық*

28. Қазақ тіліндегі жалғаудың түрлерін атаңыз?

29. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді? 2

30. Дыбыстың таңбасы? *Әріп*

31. Орфография нені зерттейді? *Сөздердің дұрыс*

жазылуын

32. *Пәлеқор* сөз үндестігіне жата ма? *Жоқ*

33. 42 әріптің жүйелі тізбегі қалай аталады? *Әліпби*

34. *Әліпбидегі* алғашқы жетінші әріп қандай? *Д*

35. Зат есімнің мағыналық түрлері. *Деректі, дерексіз*

36. Ғылыми тілде үндестік заңы қалай аталады? *Сингармонизм*

37. Сын есімнің шырайларын атаңыз? *Күшейтпелі, асырмалы*

38. Ең тәтті, ең ащы не? *Тіл*

39. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? *Түркі*

40. Жуан және жіңішке сөздерге жалғана беретін қандай жұрнақ? *хана*

2-бөлім. Өтірік өлеңдер. Екі топ өтірік өлең шығарады.

3-бөлім-Жекпе-жек.

Қазақстан сөзінен түрлі сөздер құрастыру.

4-бөлім-Көрерменнен көрімдік. Екі топ берілген сөздерді бейнелеп, көрермендер табуы тиіс.

Ат Киіз үй

Жұлдыз Ту

Телефон Сәби

Кітап Жол

Көгершін Той

Балмұздақ Сандық

Боран Дулыға

5-бөлім-Білгенге маржан. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аудару.

All is not gold that glitters

Жылтырағанның бәрі алтын емес.

Better late

Than never

Ештен кеш жақсы.

Business before pleasure

Бейнет түбі зейнет.

East or West, home is best

Өз үйің-кең сарайдай боз үйім.

Everything is good in its season

Әр нәрсенің өз уақыты бар.

First think then speak

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Live and learn

Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

Two heads better than one

Келісін пішкен топ келте болмас.

6-бөлім. Сиқырлы ұяшықтар.

1. Сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстарға ілгерінді-кейінді ықпал етіп өзгеруі қалай аталады?

2. Дауысты дыбыстар қалай жіктеледі?

3. Тасымалдауға болмайтын сөздерді ата

4. Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы туралы айтыңыз.

5. Басқа тілден енген сөздер қалай аталады?

6. Диалект және кәсіби сөздерге қандай сөздер жатады?

7. Етістік мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?

8. Сөздердің байланысу түрлері туралы айтыңыз.

9. Қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлерін ата.

Л.ҚҰСАЙЫНОВА,

№38 мектеп-лицейі.

Батыс Қазақстан облысы,

Орал қаласы

АЛТЫН ҚАҚПА

Мақсаты: оқушылар білімге саяхат аясында қазақ ғылымының көрнекті тұлғасы Шоқан Уәлихановтың өмірімен танысады. Ұлы тұлғаның саяхат маршруттары ізімен білім сапарына шығады. Сол негізде өздерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен алған білімдерін байқап көреді. Топ болып жарысу барысында мүмкіндіктерін біледі. Ұлтжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге, сонымен қатар тіл тазалығы үшін елжандылық тәрбиесінің маңыздылығын, көкейкестілігін біледі.

Қатысатын сыныптар: 8-9-сыныптардың құрама топтары.

Кештің мәртебесі: Білімге саяхат күні. Шоқан Уәлиханов атындағы атаулы күн.

Көрнекілігі: әр түрлі плакаттар, слайттар, көркем суреттер

Жалпы жүрісі:

1-басқарушы: -Құрметті мұғалімдер, оқушылар!

Қазақтың ұлы ойшыл-ағартушысы Шоқан Уәлиханов өз білімі мен дүниетанымын география бағытында ғана емес, әдебиет саласында да дәлелдеді. Оның осы бағыттағы еңбектерінде

тарих пен заман, фольклор мен әдебиет мәселелерін қалай түсінетіндігі, талдаулары, теңдессіз пікірлері тамаша баяндалған.

Шоқан Уәлиханов Шығыстану әлемінде құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы онан маңызы зор ұлы жаңалықтар ашуды күтті. Ол бұл сенімді өз халқы және тарих алдында толықтай орындады. Аз ғұмырында адам қабілетінің ғажайып мүмкіндіктерін, гуманизмнің биік өресін, ұлтжандылықтың жалтақсыз үлгісін, ғылыми қабілет пен алғырлықтың қайран қаларлық өнегесін барша болмысымен, нақтылы іс-әрекетімен дәлелдеп үлгерді.

-Оқушылар, біздер ұлы ғалымның мұраларымен мектеп партасында танысамыз және оның шығармаларын сүйіп оқимыз. Біздер бүгін «Мәңгілік Елдің мәңгілік Тілі» тіл апталығы аясында ұлы тұлғаның саяхат маршруттары ізімен білім сапарына шығамыз.

Мақсатымыз: өзіміздің қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімдерімізді байқап көреміз, топ болып жарысу барысында тапқырлығымызды, шығармашылық қабілетімізді танытамыз.

Қымбатты ойыншылар!

«Алтын қақпа» сайысына қош келдіңіздер.

Сіздерді қазақтың ұлы ойшыл-ағартушысы Шоқан Уәлиханов саяхатқа шыққан құпия жерлер күтіп тұр.

- Қымбатты сайыскерлер, ұлы тұлғаның саяхат маршруттары ізімен білім сапарына шыққалы отырған сәтте, алдымен, қай топпен саяхатқа шығатындарыңызды анықтап алайық..(топтар жеребе суырып, сол арқылы екі топқа бөлінеді)

1-топтың атауы: Керуен-тарих. 6 оқушы

2-топтың атауы: Керуен-бірлік. 6 оқушы

Ойынның 1-кезеңі.

-Қымбатты саяхатшылар, сіздерді алдымен, Шығыс Қазақстан мен Жетісу саяхаты күтіп тұр.

Әр топтың керуен басына маршруттық карта беремін. Осы карта бойынша тапсырма жасырынған Шығыс Қазақстан мен Жетісу өлкесін тауып аласыңдар. Ойынның басты шарты-осы өлкелерге бару, өздеріңе берілген тапсырмаларды орындау.

1-топтың маршруттық картасы.

Маршруттық карта.

- Қымбатты саяхатшылар! Сендердің бірінші тапсырмаларың *дәліз-екінші қабат–гүл - қабырға* сөздеріне қатысты. Осы сандардың құпиясын шешсеңдер, тапсырманы тауып аласыңдар.

2-топтың маршруттық картасы

Маршруттық карта

Қымбатты саяхатшылар!

Сендердің бірінші тапсырмаларың *дәліз-екінші қабат –гүл - қабырға* сөздеріне қатысты. Осы сандардың құпиясын шешсеңдер, тапсырманы тауып аласыңдар.

Ойынның 2-кезеңі.

- Қымбатты саяхатшылар, енді сендерді Алатау

өңірі, Ыстықкөл сапары саяхаты күтіп тұр.

Әр топ қолдарына маршруттық картаны алып, осы карта бойынша тапсырма жасырынған Ыстықкөл өлкесін тауып аласыңдар. Ойынның шарты-осы өлкелерге бару, өздеріне берілген тапсырмаларды орындау.

1-топтың маршруттық картасы.

Маршруттық карта

- Қымбатты саяхатшылар! Сендердің екінші тапсырмаларың *бірінші қабат-көрме – өнер туындысы* сөздеріне қатысты. Осы сандардың құпиясын шешсеңдер, тапсырманы тауып аласыңдар.

2-топтың маршруттық картасы.

Маршруттық карта.

- Қымбатты саяхатшылар! Сендердің екінші тапсырмаларың *бірінші қабат –көрме – өнер туындысы* сөздеріне қатысты. Осы сандардың құпиясын шешсеңдер, тапсырманы тауып аласыңдар.

Ойынның 3-кезеңі.

- Қымбатты саяхатшылар, енді сендерді жұмбақ өлке Қашқария саяхаты күтіп тұр.

Әр топ қолдарына маршруттық картаны алып, осы карта бойынша тапсырма жасырынған Қашқария өлкесін тауып аласыңдар. Ойынның шарты-осы құпия өлкеге бару, өздеріне берілген тапсырмаларды орындау.

1-топтың маршруттық картасы.

Маршруттық карта.

- Қымбатты саяхатшылар! Сендердің үшінші тапсырмаларың *акт зал - сахна - аспап* сөздеріне қатысты. Осы сөздердің құпиясын шешсеңдер, тапсырманы тауып аласыңдар.

2-топтың маршруттық картасы.

Маршруттық карта.

-Қымбатты саяхатшылар! Сендердің үшінші тапсырмаларың *акт зал - сахна - аспап* сөздеріне қатысты.Осы сөздердің құпиясын шешсеңдер, тапсырманы тауып аласыңдар.

- Қымбатты саяхатшылар, сендер саяхаттан мол олжамен оралдыңдар.

«Алтын қақпаға» келіп жеттіңіздер. Алтын қақпаның сұрағы.

-Құрметті мұғалімдер, оқушылар!

Міне, саяхатшылар ұлы тұлғаның саяхат маршруттары ізімен білім сапарына шығып, өздерінің қазақ тілі мен әдебиеттен алған білімдерін байқады. Топ болып жарысу барысында шығармашылық танытты. Енді, білімді оқушылардан құралған Тарихтанушылар және Елтанушылар тобының мүшелерін ортаға шақырамыз.

(Жеңімпаздарды мадақтау сәті)

Қай топтың жүйрік танылып, білімімен дараланғандығын анықтайтын уақыт та жетті. Жеңімпаздарды мадақтау үшін сөз әділ қазылар алқасының төрайымына беріледі.

(Жеңімпаздарды мадақтау)

Г.ДӘУЛЕНБАЕВА,
№262 мектеп-гимназия.
Қызылорда облысы,
Арал қаласы

«МАҒЖАНТАНУ» КУРСЫНЫҢ 11-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

(Мағжан шығармашылығына лингвистикалық сатылай
кешенді талдау)

«Қарағым» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқу.

1. Мазмұнды талдау;

а) Негізгі ойды анықтаңыз;

ә) бөліктерге бөліп, әр бөліктің мәніне көңіл аударыңыз.

2. Логикалық оқу:

а) Мәтін бөліктерінде, әр бөліктің ішіндегі сөйлемдерде негізгі ойды білдіретін сөздерді, сөз тіркестерін анықтаңыз;

ә) оларға екпін түсіріп оқыңыз;

б) ой арасын дауыс үзілісімен білдіріңіз. Бұл – логикалық үзіліс.

3. Көңіл күймен оқу:

а) өлеңнің мағынасын түсініп оқыңыз;

ә) мағынасына сай түрлі көңіл күймен оқыңыз.

2. Өлеңнің негізгі идеясын, тегі мен түрін анықтаңыз.

3. Дауысты дыбыстардың түрлерін анықтаңыз:

а) Тіл қатысына қарай:

жуан: Себебі:

жіңішке: Себебі:

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:
ашық: Себебі:

жартылай ашық: Себебі:

қысаң: Себебі:

б) Ерін мен езудің қатысына қарай:
Езулік: Себебі:

Еріндік: Себебі:

4. Өлеңдегі *қарағым, оқы, көңіл, жүрген, құр* сөздеріндегі дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме бер.

«Тез барам» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

2. Өлеңдегі бейнелі сөздерді анықтаңыз.

| Р/с | Өлеңнен үзінді | Метафора | Метонимия | Синекдоха | Эпитет | Теңеу |
|-----|-----------------------------------|----------|-----------|-----------|--------|-------|
| 1 | Қыранымын сары сайран даланың | | | | | |
| 2 | Қос қанатым – алтын Алтай, Оралым | | | | | |
| 3 | Еркін дала еркесі | | | | | |
| 4 | Асқан алып – ата затым сұрасаң | | | | | |
| 5 | Асқан дала – ана затым сұрасаң | | | | | |

| | | | | | | |
|----|-------------------------------------|--|--|--|--|--|
| 6 | Шашып жалын жас жолбарыс ұмтылса | | | | | |
| 7 | Жердің жүзі кім екенін танысын | | | | | |
| 8 | Дұғада бол, алтын Алтай – қарт анам | | | | | |
| 9 | Жас бөрідей біраз ойын салайын | | | | | |
| 10 | Ақ шашынды, көкірегіңді иіскеуге | | | | | |

3. а) Өлеңнің идеясын, тегі мен түрін анықтаңыз.

ә) Шумақ, буын, бунақ, тармақ, ұйқасын тап.

4. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін жікте:

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай:

1. Себебі:

2. Себебі:

3. Себебі:

ә) Айтылу (жасалу) тәсіліне қарай:

1. Себебі:

2. Себебі:

3. Себебі:

4. Себебі:

5. Себебі:

б) Жасалу орны мен дыбысталу мүшелерінің қатысына қарай:

Ерін: Тіл алды:

Тіс: Тіл ортасы:

Ерін мен тіс: Тіл арты:

Тіл мен тіс: Көмей:

5. Сарыарқамның, тұлпар, дұға, жолбарыс, бөрідей сөздеріндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру.

«Айға» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз, идеясын анықтаңыз.

2. Лирикалық қаһарманның көңіл күйін бейнелейтін сөздерді тауып жазыңыз.

Ақын неге мұндай көңіл күйде?


Әр оқырман жүрегіне жол тауып, онымен дәл өзіндей сырласатын өлең кейіпкері–лирикалық қаһарман деп аталады.

Қайғылы

Нұрлы

Толған

Мейірімді



Ажарлаудың түрін тап.

4. Өлеңнен психологиялық параллелизмге (адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен салыстыра егіздеу) мысал келтіріңіз.

5. Өлеңнің төрт шумағын буынға бөліп жазыңыз, буын түрлеріне жіктеңіз.

«Бесік жыры» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

2. Бесік тербеткен ананың көңіл күйін сипаттаңыз.

3. Өлеңді құрылысына жіктеп, жаңалығын табыңыз.

4. Қаратпа сөздерді теріп жазыңыз.

II. «Тасымалды» еске түсіріңіз:

1. Қа-лалық, қала-лық

2. Та-уық, қа-йық

3. Жи-ын, қи-ын, су-ық, ту-ын-ды

4. Қарт-тар, театр-лар

5. Құ-мырс-қа, жұ-мырт-қа

6. Бі-рыңғай, бір-ыңғай

7. Рө-лін-де, съез-дің

8. Ала-қан, ар-мия, ою-лы

9. По-эма, ро-яль


10. 25 га, 15 см, 2012ж

11. ҚазҰУ, БҰҰ

2. Өлеңдегі тасымалданбайтын сөздерді теріп жазыңыз, емлесін түсіндіріңіз.

«Сүйемін» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқы:



ә)

| Мақал – мәтел тауып жазыңыз | |
|-----------------------------|--|
| Ана, ата – ана | |
| Жар | |
| Ел | |
| Туған жер, Отан | |

Сөздік жұмысы.

Мына сөздерге түсінік беріңіз:

1. Тасбиық –

2. Алаш –

3. Кебін –

Буын үндестігі (сингармонизм) – сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай

қосымшалардың да түбірге бірыңғай жуан не жіңішке болып жалғануы.

Қазақ тілінде буын үндестігі, негізінен, дауысты дыбыстардың үндестігі болып табылады.

Фонологиялық (сөзсазындық) талдаудың үлгісі **Сөз** 1. Айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай: жуан, жіңішке аралас буынды сөздер.

2. Буын: а) ашық (а.б.); ә) тұйық (т.б.); б) бітеу (б.б.) 3. Тасымал; 4. Екпін; 5. Буын үндестігі; 6. Дыбыс үндестігі: а) ілгерінді ықпал; ә) кейінді ықпал; б) тоғыспалы ықпал.

4. *Елімді, жарымды, алаш, Сарыарқа* сөздеріне фонологиялық сатылай кешенді талдау жасаңыз.

«Сағындым» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

2. Кестені толтырыңыз.

| Р/с | Бөлімдер | Қай шумақтар? |
|-----|---|---------------|
| 1 | Абақтыда айдан, күннен жаңылдым – түрме көрінісі | |
| 2 | «Қалың елді сағындым» - ақынның сағыныш сезімі | |
| 3 | «Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер» - ақын үміті, сенімі | |

3. Өлең поэтикасына талдау жасаңыз.

| Р/с | Өлең жолдары | Метафора | Метонимия | Теңеу | Эпитет | Аллитерация | Кейіптеу |
|-----|-------------------------------------|----------|-----------|-------|--------|-------------|----------|
| | | | | | | | |
| 1 | Сарыарқамды – сайран жерді сағындым | | | | | | |
| 2 | Қалың елім, қалың қара ағашым | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|--------------------------------------|--|--|--|--|--|--|
| 3 | Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті | | | | | | |
| 4 | Жалындаған жас жүрекке не пайда? | | | | | | |
| 5 | Ақ жібектей атқан танды сағындым | | | | | | |
| 6 | Қара жылан – қалың ойлар қаптады | | | | | | |
| 7 | Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым | | | | | | |

Дыбыс үндестігі (ассимиляция) – сөз бен қосымша жігінде немесе сөз аралығында дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі өзіне ұқсата әсер етуі.

4. Ықпалдарды ажыратыңыз.

| Р/с | Мысалдар | Ілгерінді ықпал | Кейінді ықпал | Торғыспалы ықпал |
|-----|---------------------|-----------------|---------------|------------------|
| 1 | Қарашығым, есігімде | | | |
| 2 | Жылы күн | | | |
| 3 | Қара көлеңке | | | |
| 4 | Жүйрік жел | | | |
| 5 | Әлдеқайда | | | |
| 6 | Өткен күн | | | |
| 7 | Тық - тық басып | | | |
| 8 | Сарыарқа | | | |
| 9 | Ертеңгі – кеш | | | |
| 10 | Кешсең | | | |
| 11 | Көзсіз | | | |
| 12 | Айдын көл | | | |
| 13 | Жас жүрек | | | |

5. Мысалдардағы ықпал түрін табыңыз:

Досжан

Есенкелді ... ықпал

Қыран қанат

6. *Қара ағаш, сегіз қанат, Қазанқап* сөздеріне фонологиялық талдау жасаңыз.

Қосымша дерек.

А.Тасымбеков. «Зылиқа апаймен кездесу» (үзінді)

1930 жылы Мағжанға 10 жыл кесіп Карелияға жіберді. Бұл хабарды естісімен сонда тартып отырдым. Алдымен Ленинградтан пәтер жалдап алдым да, төтесінен Петрозаводск арқылы тура Мағжан жүрген лагерьге бардым. Айналасы темір тікенектермен қоршалған лагерьге жетудің өзі қорқынышты. Төңірек қалың орман. Әсіресе жаздағы масасы сұмдық! Түрме, лагерь дегенде ылғи баскесер бәлелер отырады екен деп ойлайды ғой, кім болса да... Ал мұндағылардың бәрі оқыған, білімді азаматтар екен.

«Қазақ тілі» өлені.

1. Өленді мәнерлеп оқыңыз.

2. Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш жинағы қайда басылып шықты?

3. Мағжанға дәріс берген қаламгер әрі қайраткер.

4. Мағжанның «Айға» өлеңінің бір шумағын эпиграф етіп алған татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтың романы.

5. Мағжан оқыған медресе.

6. Поэмасы.

7. 1922 жылы Мағжан қызмет еткен жер.

8. Мағжанның шын есімі.
 9. Әні бар өлеңі.
 10. Кенесарының баласы Сыздық пен Жезтырнақтың арбасуы суреттелген дастаны.

4. Өлеңнен екпін түрлерін табыңыз.

II тарау. Лексика.

«Орал» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.
 2. Сызба үлгісінде синоним, антонимді табыңыз.
 3. Өлеңдегі антоним сөздерді анықтаңыз.
 4. *Дұшпан, кәрі, аңсау* сөздерінің синонимін табыңыз.

5. *Қара, сақ, дүние* сөздерінің омонимін табыңыз.

6. Ережені еске түсіріңіз:

Синоним:

Омоним:

Антоним:

7. *Жаз, ескі, батыр* сөздеріне сатылай кешенді талдау жасаңыз.

8. «Сар даланың еркесі – қазақ елім» тақырыбына ойтолғау жазыңыз.

9. Тіл туралы мақал-мәтел, қанатты сөздер жазыңыз.

1. _____
 2. _____
 3. _____
 4. _____

10. Дыбыс екпінін тауып, ерекшелігін түсіндіріңіз.

Оқиды, көзін ашады.

Ойлап түрлі, пікірлейді.
 «Есен бе шырақ?» - деп едім,
 «Үш-ш-ш», - демейді, «Шүкір», - дейді. («Оқудағы қарындас»)

11. Өлеңдегі құбылту түрін анықтаңыз.

| Р/с | | Прот |
|-----|-------------------------------------|------|
| 1 | Асқар Орал – кәрі Алып күзет тұрған | |
| 2 | Денесі – тас, қарағай қою мұрты | |
| 3 | Өлім – түн, өмір гүлді гүл даласы | |
| 4 | Сар даланың еркесі қазақ елім | |

12. «Ана тілім – дана тіл» тақырыбына өлең шығарыңыз.

«Жүсіп хан» поэмасы.

1. Поэманы оқып, мазмұндаңыз.
 2. Поэманы ақын не себепті «Шын ертеке» деп атаған?
 3. Шығарма тіліндегі көнерген сөздердің түрін ажыратыңыз.

| Р/с | Мысалдар |
|-----|----------|
| 1 | Азаншы |
| 2 | Құл |
| 3 | Хан |
| 4 | Уәзір |
| 5 | Сұлтан |
| 6 | Қазы |
| 7 | Қолбасы |
| 8 | Падиша |
| 9 | Тақ |
| 10 | Дәруіне |
| 11 | Бек |

4. Кестені толтырыңыз.

Тарихи сөздер

| Р/с | Кезеңі | Түрлері |
|-----|--------|---------|
|-----|--------|---------|

| | | |
|---|---------------------------------------|---|
| | | 1. Ел басқарумен байланысты атаулар: 2. Қару-жараққа қатысты атаулар |
| 2 | Кеңес дәуірі тұсындағы тарихи атаулар | Әкімшілік сөздер: |

Архаизмдер

Сәйкестеме тест.

| | |
|--|--|
| 1. Өдет-ғұрып атаулары. 2. Үй тұрмысына қатысты атаулар. 3. Мата атаулары. 4. Ыдыс-аяқ атаулары. 5. Киім-кешек атаулары. | Лашық, жаппа, күрек, т.б. Үкі, кебіс, сәукеле, күпі, шидем, т.б. Торқа, бикасап, дүрия, патсайы, т.б. Сауын айту, ұрын бару, бесік құда, барымта, отқа май тамызу, т.б. |
|--|--|

«Жауға түскен жанға» (М. Д-ға хат)

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.
2. Алаш азаматы қоғам қайраткері, ақын Міржақып Дулатұлының өмірі, қоғамдық қызметі мен шығармашылық жолынан не білесің?

3. Фразеология – грек тілі – сөйлеу оралымдары, сөйлемше.

Тұрақты сөз тіркесі (фразалық тіркестер, фразеологизмдер):

1. Екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағынаны білдіретін сөз тобы.
2. Тұрақты тіркестер – ойды көркемдеп, әсерлі жеткізудің құралы.
3. Өлеңдегі тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндіріңіз.

Дамыл көрмеу –

Қамын жеу –

Бел байлау –

Бас көтер –

Бел шешпеу –

Уайым – қайғы жеу –

4. Синонимдес тұрақты тіркесін табыңыз:

1. Азар да безер болу –

2. Көз ілмеді –

3. Ауызына қақпақ болу –

4. Басы қату –

Антонимдес тұрақты сөз тіркесін табыңыз:

1. Ит терісін басына қаптады –

2. Ат ізін салмады –

3. Көзге ілмеу –

4. Бетінен қақпау –

5. Еңбегі жану –

Сөзжасам. «Батыр Баян»

Дерекке сүйінсек:

«Мағжанның Ноян деп алғаны – Баянның шөберелес ағасы Сары батырдың баласы – Қыстаубай. Ел есіндегі әңгімеге қарағанда, Қыстаубай расында да ауылдағы қалмақтың Лағда деген қызын алып қашса керек. Баласының қылығына Сары батыр қатты долданады. Сары батыр долданса, соғыста екі көзін қан жауып кетеді екен. Қашан он шақты дұшпанын сүйреп тастағанша көзі ашылмайды. Оған дейін шылбыры Баянның тақымында жүреді екен. Сол Сары: «Қыстаубайды қуып жетіп өлтір, киімі мен қару-жарағын көзімше көм» - деп, Баянды жұмсайды. Баян Қыстаубайды қуып жетіп, бір қабат киімін

алып, қозының қанына малып, Сарыға алып келеді. Қыстаубайдың нағашылары Кіші жүзде екен. Кейін алты алаш дүр көтерілген бір соғыста кіші жүз әскерлерімен келген ұлын көріп, Сары батыр жібудің орнына Баян батырға қаттырақ ренжіпті деседі».

1. Кестені толтырыңыз.

| | | |
|---------------------|-------------------|---------------------------------|
| Оқиғаның өту кезеңі | Оқиғаның өту орны | Шығармада көтерілетін мәселелер |
| | | |

2. Поэманың басты ерекшелігі неде? _____

3. Поэманың берер тәрбиесі қандай? _____

4. Туынды сөздерді жасалу жолына қарай ажыратыңыз.

| | |
|----------------------------|--------------------------------|
| Жұрнақ арқылы жасалған сөз | Лексикалық жолмен жасалған сөз |
| | |

1. Кез болған жаудан үркіп «Ақтабанға»

2. «Аттан!»-деп әлі айтпаған Абылайға көкжалдар дей бастайды: «Жүр енді, жүр!»

3. Баянның батырлығы Алашқа аян.

4. Ер Баян қарындас қып, ерік берген.

5. Жап-жас қыз сұмдығы мол, сыр бермейді.

6. Сиқырлы гүлге оранған жібек майда.

7. Деді де, сұлу ойға тереңдеді.

8. Тартты қол. Қолды өрлер. Қолды белдер.

9. Бастаған Бұғыбай басшы қол көмес шөл.

10. Қол қолды. Жүз жолбарыс майданды ойлап, тартады шабуылмен Іле бойлап.

«Туған жер» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

2. Өлеңдегі қос сөз бен біріккен сөздерді табыңыз.

3. Біріккен сөздерді тауып жазыңыз:

1. Аң, құс, жәндік, өсімдік атаулары:

2. Географиялық атаулар (жер, су, планета, аттары):

3. Кісі аттары:

4. Дене мүшелері, анатомиялық атаулар:

5. Ауру атаулары:

6. Ойын атаулары:

7. Ән – күй, өлең аттары:

8. Қоғамдық өмірге, күнделікті тұрмысқа байланысты әр түрлі атаулар:

9. Мезгілге байланысты атаулар:

10. Белгісіздік, болымсыздық мәндегі атаулар:

4. Біріккен сөздің түрлерін анықта:

| Р/с | Мысалдар | Біріккен сөз | Кіріккен сөз |
|-----|-----------|--------------|--------------|
| 1 | Әлдекім | | |
| 2 | Баспасөз | | |
| 3 | Қолғап | | |
| 4 | Жаздыгүні | | |

| | | | |
|----|-----------|--|--|
| 5 | Қарлығаш | | |
| 6 | Өнеркәсіп | | |
| 7 | Биыл | | |
| 8 | Әкел | | |
| 9 | Қызылорда | | |
| 10 | Белбеу | | |
| 11 | Сөйтіп | | |
| 12 | Әкет | | |
| 13 | Тасбақа | | |
| 14 | Сексен | | |
| 15 | Тоқсан | | |

5. Қос сөздің мағыналық түрлерін анықтаңыз:

| | |
|-------------------|-------------------|
| Қосарлама қос сөз | Қайталама қос сөз |
| | |

Ата – ана, тау – тау, қазы – қарта, тәй – тәй, азын – аулақ, көре – көре, сылдыр – сылдыр, бала – шаға, сауыт – сайман, ығы – жығы, жап – жасыл.

6. Біріккен сөз бен қос сөздерді пайдалана отырып, «Туған жер – алтын бесік» тақырыбында шығарма жаз.

7. *Бүгін, кемпірқосақ, аға-іні, келе-келе* сөздеріне сатылай кешенді талдау жасаңыз.

«Жер жүзіне» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.
2. Өлеңнен тіркесті сөздерді тауып, жазыңыз.
3. Тіркесті сөздерді тауып жазыңыз.

| | | | |
|---------------------|---------------------|---------------------|------------------|
| Күрделі сан есімдер | Күрделі сын есімдер | Күрделі сан есімдер | Күрделі үстеулер |
| | | | |

Морфология.

«Туған жерім - Сасықкөл» өлеңі.

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.
2. Өлеңде ақынның туған жеріне деген мөлдір махаббаты мен бірге уайымы да көрініс тапқан. Бұл қай кезеңнің тарихи шындығы? Бұл өлеңді ақын зары, жан айқайы деуге бола ма? Неліктен?
3. Редиф ұйқас дегеніміз не?
4. Кестені толтырыңыз:

| | | |
|------------------|-----------------|------------------|
| Негізгі зат есім | Туынды зат есім | Күрделі зат есім |
| | | |
| | | |

Ағайын, қоныс, көл, көбік, балалар, келіншек, саулық, құс, құрбы, батпақ, сусын, бірлік, ынтымақ, қарашекпен.

5. Топтастырыңыз:

Зат есімнің рең мәнін тудырушы (түрлендіруші) жұрнақтар:

6. Зат есімнің мағыналық түрлерін анықтаңыз.


| Р/с | Мысалдар | Жалпы | Жалқы | Деректі | Дерексіз |
|-----|----------|-------|-------|---------|----------|
| 1 | Сасықкөл | | | | |
| 2 | Нұр | | | | |
| 3 | Күміс | | | | |
| 4 | Бала | | | | |
| 5 | Үй | | | | |
| 6 | Балықтар | | | | |
| 7 | Кеңес | | | | |
| 8 | От | | | | |
| 9 | Су | | | | |
| 10 | Құт | | | | |
| 11 | Сусын | | | | |

| | | | | | |
|----|--------|--|--|--|--|
| 12 | Ой | | | | |
| 13 | Арман | | | | |
| 14 | Мағжан | | | | |
| 15 | Ақын | | | | |
| 16 | Талант | | | | |

7. Жұлдыз, бәйтерек, дос, туған жер сөздерінің құрамына лексика – грамматикалық мағынасын сатылай кешенді талдаңыз.

«Қайың»

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.
2. Өлең құрылысына талдаңыз, ерекшелігін көрсетіңіз.



2. Мағжанның символизмнің сөз өнеріне қосқан үлесі туралы түсінік беріңіз.

5. Шырай жұрнақтарын жазып шығыңыз.

| | |
|--------------------|------------------|
| Салыстырмалы шырай | Күшейтпелі шырай |
| | |

6. Кестені толтырыңыз.

| Р/с | Мысалдар | Негізгі сын есім | Туынды сын есім | Сапалық сын есім | Қатыстық сын есім |
|-----|----------|------------------|-----------------|------------------|-------------------|
| 1 | Қайғылы | | | | |
| 2 | Ызғарлы | | | | |
| 3 | Үскірік | | | | |
| 4 | Суық | | | | |
| 5 | Қалың | | | | |
| 6 | Ұшқыр | | | | |
| 7 | Қатты | | | | |
| 8 | Құрғақ | | | | |

7. Жұмбақтарды шешіп, ондағы сын есімдерге сатылай кешенді талдау жасаңыз.

1. Апан – ұпан,
2. Жайса көлдей,
Ескі шапан.
Жиса жеңдей.
Иір қобыз. (...)
- Жарық жұлдыз. (...)
4. Кім көп тауып айтады?

Сын есімдердің антонимдік қатарын анықтаңыз.

Сыны: Дәмі:
Сапасы: Салмағы:
Көлемі: Түрі:

(Жалғасы бар)

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.10.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №10, 2016 ж., 144 бет, Алматы.